



ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

6-БЕТ



БІЛІМГЕ БАСЫМДЫҚ, БЕРГЕН ҚАЛА

9-БЕТ



ЧЕМПИОНДАР ШАҺАРЫ

10-БЕТ

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



КҮМБІРЛЕ, ҚОҢЫР ДОМБЫРА!

Шілденің алғашқы жексенбісі – Ұлттық домбыра күні. Бір кездері сайын дала төсінде күмбірлеген қос ішекті аспап бүгінде әлемнің әр қиырынан өз тыңдарманын тауып келеді. Домбыра қазір Қазақстанның мәдени символы ретінде танылып қана қоймай, халықаралық музыкалық кеңістікте де өз орнын айқындай түсті. Бұған ұлттық аспапты меңгеруге ниет білдірген шетелдік өнерпаздардың көбеюі дәлел.

Ұлттық аспапқа ынтық жандардың бірі – австралиялық музыкант Марк Истон. Бұрын блюз бен рок жанрында өнер көрсеткен ол 2019 жылы этно-рок музыкасын тыңдау барысында алғаш рет домбыраның қоңыр үніне назар аударады. Кейін қазақтың «Хассақ», «Ұлытау», «Тұран» этно-фольклорлық ұжымдарының шығармашылығымен танысып, ұлттық аспапты үйренуге бел буады.

Алғашқы домбырасын Алматыдан интернет арқылы сатып алған музыкант онлайн сабақтардың көмегімен күй өнерінің қыр-сырын меңгере бастайды. Қазақстанға бірнеше мәрте арнайы келіп, Алматы көшелерінде домбыра тартып, жергілікті күйшілерден

тағылым алған. Қазақ еліне деген құрметін білдіріп, «Қазақстан» атты күй шығарып, оны белгілі күйші, композитор Ғаламат Бейсеқожаға арнады. Бүгінде Марк Истон Австралияда қазақ музыкасын насихаттап, тыңдармандарына домбыраның ерекше үнін таныстырып жүр.

Ұлттық аспапқа қызығушылық танытушылардың қатарында алматылық музыкант Андрей Фендриков та бар. Өзге ұлт өкілі болса да, домбыраны өмірінің ажырамас бөлігіне айналдырған өнерпаздың қазақ мәдениетіне жақындығы бала кезінен қалыптасқан. Әжесі қазақ әндерін сүйіп тыңдайтын, ал шаңырағында қазақ радиосы үзілмейтін. Кейін мектепте домбыра үй-

реніп, ұлттық өнерге деген ықыласы жыл өткен сайын арта түскен. Оның айтуынша, Қазақстанға келген шетелдік туристер домбыраны қолына ұстап көріп, сатып алуға ерекше қызығушылық білдіреді.

Мұндай мысалдар аз емес. Бұл – домбыраның ұлттық мұра ретіндегі мәртебесімен бірге Қазақстанды әлемге танытатын мәдени брендке айналып келе жатқанының айқын көрінісі. Австралиялық Марк Истонның қазақ даласының кеңдігі мен табиғатына арнап күй шығаруы, Андрей Фендриков сынды өзге ұлт өкілдерінің күй өнерін жүрек қалауымен меңгеруі ұлттық өнердің шекара мен тілге тәуелді емес екенін аңғартады.

Бүгінде домбыраның күмбірі Еуропа сахналарында да, Азия елдерінде де естіліп келеді. Бұл – қазақ мәдениетінің халықаралық деңгейде танылып, ұлттық өнеріміздің жаңа белеске көтерілгенінің жарқын айғағы. Домбыраның қоңыр үні әлемді баурап, халқымыздың рухани болмысын төрткүл дүниеге таныта бермек.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында алматылық белгілі сарапшылар ресми күшіне енген Конституция туралы ой-пікірін білдірді.

Ахан БИЖАНОВ,
Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы:



– Мемлекет басшысы атап өткендей, жаңа Конституция егемен елімізді нығайтып, демократиялық институттарды одан әрі дамытудың жаңа кезеңіне жол ашады.

Конституция – мемлекеттің дамуының негізгі қағидаттарын айқындайтын, оның болашағының берік негізін қалайтын басты құжат. Жалпыұлттық референдумда азаматтар

қолдау білдірген өзгерістер еліміздің алдағы даму бағытын айқындайтын сенімді құқықтық негізге айналды.

Конституциялық реформаның басты мақсаты – тұрақтылықты нығайту, мемлекеттің орнықты дамуын қамтамасыз ету, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру мен азаматтардың әлауқатын арттыру. Осы құндылықтарды қастерлеу, қоғамның бірлігін нығайту мен тәуелсіз Қазақстанның игілігі жолында бірлесіп еңбек ету керек. Жаңа Конституция еліміздің одан әрі дамуына, әр азаматтың өмір сүру сапасын арттыруға негіз болады деген сенімдемін.

Асқар ЖҰМАДИЛДАЕВ,
академик, профессор,
қоғам қайраткері:



– Ата Заң – мемлекет пен қоғамның қарым-қатынасын айқындайтын, азаматтардың құқығы мен міндетін бекітетін, биліктің қызмет ету қағидатын белгілейтін басты құжатымыз.

Заманның талабына толық жауап беретін жаңа Конституцияда қоғамның қажеттілігі толық ескерілген деп айтуға болады.

Онда мемлекеттік басқару жүйесіндегі маңызды өзгеріспен қатар, елдің дамуының жаңа бағыттары да көрініс тапқан. Бүгінде ғылымға, білімге, цифрландыру мен жасанды интеллект технологиясын дамытуға ерекше көңіл бөлініп жатыр. Бұл басымдықтың барлығы бәсекеге қабілетті әрі заманға сай мемлекет құру бағытына толық сәйкес келеді.

Жаңартылған негізгі заң Қазақстанның одан әрі дамуына берік құқықтық негіз қалыптастырып, әділеттілік, заңдылық пен құқықты үстем ететін қағидаттарды нығайтуға сеп болады.

Рахман АЛШАНОВ,
«Тұран» университетінің ректоры:



– Әр мемлекет өзінің тарихи дамуындағы маңызды кезеңді Конституциясында бекітеді. Сондықтан жаңа негізгі заңды қабылдау уақыт талабынан туындаған қажетті қадам болды. Ол азаматтардың құқығы мен міндетін айқындап қана қоймай, еліміздің алдағы даму бағытын да белгілеп берді.

Жаңа қоғамдық институт – Құрылтайдың құрылуы да қоғамдық диалогтың заманауи тетіктерін дамытып, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара ықпалдастықты нығайтуға деген ұмтылысты көрсетеді. Бүгінде саяси үдерістер қарқынды дамып келеді. Сондықтан жауапты, ықпалды саяси партияларға деген сұраныс арта түскен. Көппартиялық жүйе еліміздің белгілі бір даму кезеңінде маңызды рөл атқарды. Қазір саяси күштердің топтасып, қуатты партия құрып, мемлекет игілігі үшін нақты ұсыныс жасап, тиімді жұмыс істейтін сындарлы оппозицияның қалыптасу уақыты келді. Алдағы уақытта саяси партиялар идеялар бәсекесіне, жауапкершілік пен қоғаммен тиімді өзара іс-қимылға негізделген кемел саяси жүйені қалыптастыру үшін күш-жігерін біріктіруі қажет.

САРАП-TIME

Институционалды жаңғырту кезеңі

Еліміздің жаңа Ата Заңы ресми түрде тұғырына қонды. Бұл – Қазақстанның саяси және құқықтық дамуындағы кезекті тарихи кезең. Конституциямыз мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға бағытталған кешенді саяси реформалардың жалғасы болып саналады. 2022 жылғы референдумнан басталған конституциялық реформа осы құжатта жалғасын тауып, мемлекеттік институттардың қызметін жетілдіруге, заң үстемдігін нығайтуға және азаматтардың құқықтарын қорғаудың жаңа тетіктерін қалыптастыруға бағытталған.



Конституциялық реформаның эволюциясы

Конституциялық реформа бір сәтте жүзеге асатын өзгеріс емес. Ол қоғамның саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуына сәйкес кезең-кезеңімен жетілдіріліп отыратын үздіксіз үдеріс. Қазақстандағы соңғы жылдардағы реформалар да дәл осындай эволюциялық сипатқа ие болды.

2022 жылғы республикалық референдум елдің конституциялық дамуына жаңа серпін берді. Сол кезеңде мемлекеттік басқару жүйесін демократияландыруға, Конституциялық Сотты қайта құруға, адам құқықтарын қорғау тетіктерін күшейтуге және билік тармақтарының арасындағы тепе-теңдікті жетілдіруге бағытталған маңызды өзгерістер қабылданды. Бұл реформалар мемлекеттік институттардың тиімділігін арттырумен қатар, азаматтардың мемлекеттік басқаруға деген сенімін нығайтуды көздеді.

Бүгін күшіне енген Ата Заңымыз осы реформалардың жалғасы ретінде мемлекеттік басқарудың жаңа моделін ұсынады. Құжатта саяси институттардың мәртебесі мен өкілеттіктері қайта қаралды. Бұл өзгерістер мемлекеттік биліктің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ғана емес, оның ашықтығы мен есептілігін арттыруға бағытталған.

Саясаттану ғылымында мұндай өзгерістер институционалды жаңғырту деп аталады. Яғни мемлекет өзінің негізгі институттарын қоғамның жаңа талаптарына бейім-

деп, олардың тиімділігін арттыру арқылы ұзақ мерзімді тұрақты дамуға негіз қаланады.

Құндылықтар жиынтығы

Кез келген Конституция мемлекеттің басқару құрылымын ғана емес, оның идеологиялық және құндылықтық бағдарын да айқындайды. Сондықтан жаңа Конституцияның ерекшелігі оның жаңа мемлекеттік институттарды белгілеуінде ғана емес, қоғам дамуының негізгі қағидаттарын жаңаша пайымдауында жатыр.

Конституцияның кіріспесінде «Әділетті Қазақстан», «Заң мен Тәртіп», қоғамдық келісім, азаматтық жауапкершілік, ғылым мен білімді дамыту, инновацияны қолдау және қоршаған ортаны қорғау сияқты құндылықтар ерекше атап көрсетілген. Бұл қағидаттар қазіргі әлемдегі орнықты даму тұжырымдамасымен үндеседі.

Саясаттанушылар мұндай ұстанымдарды конституциялық бірегейлік ұғымымен байланыстырады. Себебі, Конституция тек құқықтық нормалар жиынтығы емес, мемлекеттің қандай қағидаттарға сүйеніп дамитынын айқындайтын саяси құжат. Ол азаматтарды ортақ мақсаттарға жұмылдырып, қоғамдағы сенім мен бірлікті нығайтуға қызмет етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, Жаңа Конституция азаматтардың құқықтарын қорғаумен қатар олардың мемлекет алдындағы жауапкершілігін де күшейтеді. Заңды сақтау, қоғамдық тәртіпті құрметтеу, табиғатты қорғау, тарихи мұраны қастерлеу сияқты міндеттердің конституциялық деңгейде бекітілуі құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңызды тетігі болып саналады.

Кемелді құрылым

Жаңа Конституцияның басты ерекшеліктерінің бірі мемлекеттік басқару жүйесінің жаңа құрылымын қалыптастыруында. Мұнда Президент мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы ретінде елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды әрі Конституцияның, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі болып қала береді. Сонымен қатар, Вице-Президент институтының енгізілуі мемлекеттік биліктің сабақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған. Мемлекет басшысының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда биліктің конституциялық тәртіппен берілуі саяси тұрақтылықтың маңызды кепілі саналады.

Конституциядағы келесі маңызды жаңалықтардың бірі Құрылтайдың жоғары заң шығарушы орган ретінде құрылуы. Оның заң қабылдау, Үкімет қызметіне бақылау жасау, республикалық бюджетті бекіту, мемлекеттік лауазымдарға келісім беру және бірқатар маңызды саяси шешімдерді қабылдау жөніндегі өкілеттіктері бар. Бұл заң шығарушы биліктің саяси салмағын арттырып, тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін күшейтуге мүмкіндік береді.

Жалпы, 2026 жылғы Конституция еліміздің жаңа саяси-құқықтық даму кезеңінің негізін қалайтын құжат ретінде бағалауға лайық. Оның тарихи маңызы жаңа институттар енгізуде ғана емес, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімге, жауапкершілікке және құқық үстемдігіне негізделген басқарудың жаңа моделін қалыптастыруға бағытталуында жатыр.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы

Сурет: С.ҚҰСАЙЫНОВ.

Болашақтың берік негізі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы: жаңа құндылықтар, жаңа сын-қатерлер, келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілік» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Алқалы жиынға заңгер-ғалымдар, мемлекеттік орган өкілдері, құқық қорғау саласының мамандары, жас зерттеушілер мен шетелдік сарапшылар қатысты. Олар жаңа Конституцияның мән-маңызын, құқық үстемдігін нығайту, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау, мемлекеттік басқаруды жетілдіру мәселелерін талқылады. Сонымен қатар, қазіргі саяси-құқықтық өзгерістер аясындағы конституциялық дамудың өзекті мәселелері сөз болды. Атап айтқанда, Әділетті Қазақстан құру жолындағы конституциялық құндылықтар, мемлекеттік басқару мен азаматтық қоғамда «Заң және тәртіп» қағидатын орнықтыру, сондай-ақ цифрландыру, тұрақты даму және экологиялық қауіпсіздік тақырыптары таразыланды.

Конференцияны ҚазҰУ ректорының кеңесшісі, заң ғылымдарының докторы, профессор Еркін Дүйсенов ашып, жаңа Ата Заңды ел дамуының құқықтық негізін айқындайтын маңызды құжат деп бағалады.

– Жаңа Конституция – Қазақстанның болашаққа бастайтын берік іргетасы. Ол мемлекеттің стратегиялық бағытын айқындап, әділетті қоғам құруға жол ашады, – деді Еркін Дүйсенов.

Жиында ҚазҰУ профессоры Алуа Ибраева сөз сөйлеп, жаңартылған Конституцияның қоғамдық-саяси мән-маңызын саралады. Ғалым өз сөзінде құнды құжатнаманың халық билігі мен заң үстемдігі қағидаттары күшейтіп, азаматтардың мемлекеттік шешімдерді қабылдауға қатысу мүмкіндігін кеңейткенін айтты.

Алматы қаласы прокурорының орынбасары Дамир Катаевтың айтуына қарағанда, конституциялық өзгерістер құқықтық мемлекетті нығайту жолындағы маңызды қадам болып отыр.

Жинақтай айтқанда, пленарлық мәжілісте қатысушылар Әділетті Қазақстан құру, конституциялық заңдылықты нығайту, цифрландыру жағдайында азаматтардың құқықтарын қорғау және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік мәселелеріне кеңінен тоқталды.

Сарапшылар жаңа Конституция ұлттық заңнаманы жетілдіруге, мемлекеттік институттарды дамытуға және қоғамның құқықтық жүйеге сенімін арттыруға жол ашатынын мәлімдеді.

Дастан ҚАСТАЙ.



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ЖАҢА СЕРПІН

Қаламызда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының күшіне енген күні ерекше аталып өтті. «Достық үйінде» қала басшысы Дархан Сатыбалдының қатысуымен «Жаңа Конституция – жаңа серпін» атты «дөңгелек үстел» ұйымдастырылды. Жиын барысында жаңа Конституцияның ел мен қаланың дамуына қосатын үлесі кеңінен талқыланды.

Іс-шараға ғылыми және сарапшылық қауымдастық, зиялы қауым өкілдері, мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, қалалық Ардагерлер кеңесі мен мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Жиынды Дархан Сатыбалды ашып, жаңартылған Ата Заңның күшіне енуі Қазақстанның заң үстемдігіне, әділеттілікке, ашық мемлекеттік басқаруға және жоғары азаматтық жауапкершілікке негізделген жаңа даму кезеңіне қадам басқанын ерекше атап өтті. Қала әкімінің айтуынша, жаңа Конституция құқықтық нормаларды бекітіп қана қоймай, адам құқығы мен бостандығын қорғау, тиімді мемлекеттік басқару қалыптастыру және қоғамдық жауапкершілікті басты құндылық ретінде айқындайтын мемлекеттің жаңа даму тұжырымдамасын қалыптастырады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, жаңа Конституция еліміздің ұзақ мерзімді дамуының берік құқықтық негізін қалыптасты-

рып, жаңа қоғамдық келісімнің өзегіне айналады. Сондықтан оның бүгін заңды күшіне енуі – Әділетті және Прогрессивті Қазақстанды құру жолындағы реформалардың жаңа кезеңге өткенінің айқын көрінісі», – деді Дархан Сатыбалды.

Сонымен қатар, шаһар басшысы Қазақстанның ең ірі қаласы, ғылым, білім, инновация, мәдениет және экономика орталығы саналатын Алматыға конституциялық қағидаттарды іс жүзінде жүзеге асыруда ерекше жауапкершілік жүктелетінін де жеткізді. Қала басшысының айтуынша, Алматыны 2030 жылға дейін дамыту стратегиясы жаңа Конституцияның негізгі қағидаларымен үндесіп, жайлы, қауіпсіз, экологиялық таза әрі бәсекеге қабілетті мегаполис қалыптастыруға бағытталған.

Өз сөзінде Дархан Сатыбалды заманауи көлік инфрақұрылымын дамыту, қаланы полицентрлік модель бойынша өркендету, цифрландыру, Almaty AI Park жобасын құру, Smart City технологиясын енгізу, экологиялық жаңғырту, қоғамдық кеңістіктерді дамыту және «Таза Қазақстан» бастамасын іске асыру тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған конституциялық қағидаттардың нақты көрінісі екенін атап өтті.

Жиынға қатысушылар Конституция қағидаттарын мемлекеттік басқару жүйесінде тиімді іске асыру, құқықтық мәдениетті нығайту, азаматтық жауапкершілікті арттыру, сондай-ақ елдің одан әрі дамуына ғылыми және сарапшылық қауымдастықтың қосар үлесі жөнінде кеңінен пікір алмасты.

Рая ЕСКЕНДІР.

Сараптамалық пікірталас өтті

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында Конституцияның жаңартылған нормаларын қолдану мәселелеріне арналған сараптамалық пікірталас өтті. Іс-шараға оқу орнының ректоры Арман Жүдебаев және академияның профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері қатысты.

Жиын барысында бұгіннен бастап күшіне енген Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңартылған ережелері, қоғамдық маңызы жан-жақты сөз болды. Басқосуда академия ректоры Арман Жүдебаев Ата Заңға енгізілген өзгерістердің мемлекет пен әрбір азамат үшін құндылығына тоқталды.

«Әр адамның құқығы оның төл құжаты іспетті Ата Заңымызбен қорғалады. Мемлекет басшысы атап өткендей, біз Әділетті әрі прогрессивті Қазақстанды құруымыз

керек. Жаңартылған Конституциямыз мәдениетімізді сақтап, ұлттық құндылықтарымызды әрі қарай дамытуға үлкен сенімділік береді. Оның әрбір бабында әр азаматты қорғайтын нақты нормалар жазылған», – деді ректор.

Сондай-ақ, ол 23 тамызда өтетін Құрылтай сайлауы аясында да маңызды қадамдар жасалатынын атап өтті. Пікірталасты жүргізген Қазақстан тарихы және әлеуметтік ғылымдар кафедрасының аға оқытушысы, тарих магистрі Қанатбек Тәуенов Жаңа Конституцияның тарихи және әлеуметтік маңызына тоқталып, пікірін білдірді.

«Қазақстанның 35 жылдық тәуелсіздік кезеңіндегі жетістіктерін, 1993 және 1995 жылғы Конституциялардың елге әкелген жақсылықтарын саралай



келе, бұл жаңа Ата Заңның жастарға, жаңа экономика мен саясатты құруға даңғыл жол ашатынын көреміз. Ең бастысы – жаңа Конституцияның адам капиталына бет бұруы. Бұрын біз экономика мен саясатты алға қойсақ, енді Мемлекет басшысының бастамасымен адам капиталы, оның білімі мен құзыреттілігі алдыңғы орынға шықты.

Конституцияның преамбуласына білім, ғылым және инновация ұғымдарының енуі – еліміздің дамуына үлкен серпін береді, – деді Қанатбек Тәуенов.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Мақсат ЖАҚАУ, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің әлеуметтік даму жөніндегі проректоры, саясаттанушы:



– Жаңартылған Конституцияның басты мазмұны – өзгермелі әлем жағдайында Қазақстанның одан әрі даму бағытын айқын дауында. Конституциялық өзгерістер қоғамдық үдеріс пен азаматтардың сұранысын жан-жақты саралаудың нәтижесінде қабылданды.

Жаңартылған негізгі заңда адам құқығы мен бостандығын қорғауға ерекше назар аударылған. Сонымен қатар, Конституция қоғам дамуының қазіргі үрдістерін, оның ішінде мемлекеттік басқару жүйесін цифрландыру мен цифрлық экономикаға көшуді де ескерген. Бұл мемлекеттік басқаруды одан әрі жаңғыртып, жаңа технологияларды енгізуге қажетті құқықтық негіз қалыптастырады.

Конституция – жәй ғана құқықтық нормалардың жиынтығы емес, ол – мемлекеттіліктің негізі. Ол мемлекеттік басқарудың негізгі қағидатын айқындайды, елдің сабақтастықпен дамуын қамтамасыз етіп, қазіргі ішкі әрі сыртқы сын-қатерге тиімді жауап беруге мүмкіндік береді.

Евгений МҰХАМЕДЖАНОВ, эколог, ECO Network жобасының негізін қалаушы:



– Жаңартылған Конституция құрылымы жағынан жүйеленіп, еліміздің қазіргі даму басымдықтарын айқындап берді. Онда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ерекше мән берілгені қуантты. Табиғат – бізге аманат етіп берілген баға жетпес байлық. Оны келер ұрпаққа аман жеткізу – міндетіміз.

Қоғамның қоршаған ортаға, адамдар мен елдің болашағына деген көзқарасы ең алдымен мәдениет деңгейімен айқындалады. Егер адам мәдениетті болса, ол табиғатты қорғайды, айналасындағыларға жанашыр болып, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінеді. Сондықтан экологиялық мәдениет балабақшадан, мектептен, жоғары оқу орнынан бастап қалыптасып, адамды өмір бойы сүйемелдеуі тиіс.

Иә, экологиялық мәдениет қағидатының Конституция деңгейінде бекітілуі жауапты қоғам қалыптастырып, еліміздің тұрақты дамуына жол ашары сөзсіз.

Жанат АЙТПАЕВА, Алматы қаласы Балалардың құқығын қорғау басқармасының басшысы:



– Бала – елдің басты байлығы. Олардың мүддесін қорғау – мемлекеттің негізгі басымдықтарының бірі. Жаңартылған Конституцияда отбасын, ана мен әке болуды және балалық шақты мемлекеттік қорғауды қамтамасыз ететін норма бекітілген. Сондай-ақ, әр баланың білім алуға, дамып, лайықты өмір сүруге құқығы айқын көрсетілген.

Конституциялық кепілдік қолданыстағы заңнамамен толықтырылады. Олардың қатарында «Бала құқықтары туралы» заңы мен «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекс бар. Бұл құжаттар балалардың әлеуметтік қорғалуын, денсаулық сақтау құқығын, отбасында өмір сүруі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Ал жаңартылған Конституцияның күшіне енуі балалардың құқығын қорғау жүйесін одан әрі нығайтып, елімізде дені сау, білімді әрі әлеуметтік тұрғыдан қорғалған ұрпақ тәрбиелеуге жағдай жасайтын маңызды қадам болғаны сөзсіз.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ

АТА ЗАҢ АЛМАТЫ ЖАСТАРЫМЕН ҚАУЫШТЫ



Еліміздің мемлекет ретінде дамуының алдағы бағытын айқындайтын, әділеттілік, заң үстемдігі, азаматтардың құқықтарын қорғау және қоғам бірлігі қағидаттарын нығайтатын маңызды құжат – Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы күшіне енді.

Осы тарихи оқиғаға орай Алматыда 2 мыңнан астам студентті, еріктіні, белсенді жастар мен қала тұрғындарын біріктірген жастардың патриоттық акциялары өтті. Іс-шараларды қалалық Жастар саясаты басқармасы ұйымдастырды. Бағдарлама «Сұңқар» халықаралық шаңғы

трамплиндері кешенінің аумағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын салтанатты түрде көтеру рәсімімен басталды. Салтанатты рәсімге 500-ден астам алматылық жас қатысып, Мемлекеттік Әнұранды орындап, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсетті.

Басты оқиғалардың бірі жаңа Конституцияның күшіне енуіне арналған көркемдік акция болды. Форум ойын-сауық орталығында биіктігі 4 метр, ені 2,5 метр болатын Конституция бейнесіндегі артынан құрылды. Оның айналасында жаңартылған Негізгі заңның басты қағидаттарына – әділеттілікке, адам құқықтарын қорғауға, мүмкіндіктер теңдігіне, заң үстемдігіне, азаматтық жауапкершілікке және қоғамдық бірлікті нығайтуға арналған тақырыптық картиналар көрмесі ор-

наластырылды. Заманауи өнер, музыка, интерактивті аймақтар мен жастардың шығармашылық қойылымдары әрбір қазақстандықтың өміріндегі Конституцияның мәнін жаңаша пайымдауға мүмкіндік берді.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының өкілдері мерекелік іс-шаралардың бастамашысы әрі негізгі қатысушысы жас буын болғаны ерекше мәнге ие екенін атап өтті.

– Конституция – құқықтық құжат қана емес, мемлекет пен қоғам арасындағы сенімнің іргетасы, елдің одан әрі дамуына бағыт беретін басты бағдар. Бүгін Алматы жастары Қазақстанның болашағы үшін жауапкершілікті сезінетінін, мемлекеттік құндылықтарды құрметтейтінін және әділетті, қуатты әрі өркендеген мемлекет

құру ісіне белсенді атсалысуға дайын екенін көрсетті, – деді Жастар саясаты басқармасының бөлім басшысы Ермұхаммед Сейітханұлы.

Мерекелік іс-шаралардың тағы бір алаңы Қазақстан–Британ техникалық университеті болды. Мұнда 700-ге жуық студент, ерікті және қоғамдық белсенді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туларымен патриоттық флешмобқа қатысты. Акцияға қатысқан алматылық жастар жаңа Конституцияның күшіне енуі әділеттілік, заң үстемдігі, адам құқығын құрметтеу және азаматтық жауапкершілік қағидаттарына негізделген ел дамуының жаңа кезеңін бастайтынын атап өтті.

Досбол АТАЖАН.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – сапалы мемлекеттік қызметтің басты шарты

Соңғы жылдары мемлекеттік қызметшілердің қазақ тілін меңгеру мәселесіне ерекше назар аударылып келеді. Бұл, ең алдымен, мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлінің артуымен және азаматтарға мемлекеттік тілде сапалы қызмет көрсету қажеттілігімен байланысты. Мемлекеттік қызметші халық пен билік арасындағы негізгі байланыстырушы буын болғандықтан, оның мемлекеттік тілді еркін меңгеруі кәсіби біліктіліктің маңызды көрсеткіші.



2025 жылы қазақ тілін оқыту курстарына қатысушылардың пайыздық көрсеткіші

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік органдардың жұмысы мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет көрсету барысында азаматтардың мемлекеттік тілде ақпарат алуына және қызмет алуына жағдай жасау – мемлекеттік органдардың негізгі міндеттерінің бірі. Осыған байланысты мемлекеттік қызметшілердің қазақ тілін меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар да жылдан-жылға артып келеді.

Бүгінде мемлекеттік қызметшілердің тілдік құзыреттілігін бағалаудың негізгі құралы – ҚАЗТЕСТ жүйесі. Бұл жүйе Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамасымен әзірленіп, мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін халықаралық стандарттарға сәйкес бағалауға мүмкіндік береді. ҚАЗТЕСТ енгізілген уақыттан бері 452 мыңнан астам азамат тестілеуден өткен. Аталған жүйе мемлекеттік қызметшілердің қазақ тілін тек ауызекі деңгейде емес, кәсіби қызмет барысында қолдану қабілетін бағалайды. Тестілеу барысында тыңдалым,

оқылым, жазылым, айтылым және лексика-грамматикалық білім тексеріледі. Яғни мемлекеттік қызметшінің азаматтардың өтініштеріне жауап беруі, құжаттарды әзірлеуі, қызметтік хат алмасуы және көпшілік алдында мемлекеттік тілде еркін сөйлеуі назарға алынады.

Диагностикалық тестілеу жыл бойы тұрақты түрде өткізіліп отырса, сертификаттық тестілеу арнайы кестеге сәйкес ұйымдастырылады. Сертификаттық емтиханның жалпы ұзақтығы 2 сағат 7 минутты құрайды. Оның құрамына тыңдалым бойынша 20 тапсырма, оқылым бойынша 40 тапсырма, жазылымнан екі тапсырма және айтылымнан екі тапсырма енгізілген. Әр бөлім бойынша белгіленген шекті балды жинаған қатысушыларға мемлекеттік үлгідегі сертификат беріледі. Тест тапсырмалары қазақ тілін меңгерудің ұлттық стандарттарына сәйкес әзірленеді.

Республика бойынша мемлекеттік тілді оқыту орталықтары жиырма жылдан ас-

там уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Бұл орталықтарда қызметшілер қазақ тілін тегін оқып, қызметтік қазақ тілі, ресми іс қағаздарын жүргізу, іскерлік коммуникация және салалық терминология бойынша білімін жетілдіреді. Соңғы жылдары цифрлық платформалар мемлекеттік қызметшілерге жұмыс орнынан шықпай-ақ қазақ тілін меңгеруге мүмкіндік беріп отыр.

Соған қарамастан, бұл салада бірқатар мәселелер бар. Мамандардың пікірінше, мемлекеттік қызметшілердің басым бөлігі қазақ тілінде еркін сөйлей алғанымен, ресми құжаттарды мемлекеттік тілде әзірлеу, заңнамалық және салалық терминдерді дұрыс пайдалану, ресми хаттарды сауатты жазу барысында қиындықтар кездеседі. Тағы бір назар аударатын мәселе – мемлекеттік қызметшілердің тілдік деңгейінің өркенді болуы. Бір маман кәсіби деңгейде қазақ тілінде жұмыс істесе,

екіншісі тек тұрмыстық деңгейде ғана сөйлей алады.

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы деректеріне сәйкес, әкімдік құрылымдарында 1162 мемлекеттік қызметші еңбек етеді. Олардың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін арттыру мақсатында бюджет қаражаты есебінен қазақ тілі курстары ұйымдастырылады. Мемлекеттік қызметшілер бұл курстарға тегін қатысады және жыл сайын тілдік даярлықтан өту мүмкіндігіне ие.

2025 жылдың оқу кезеңінде мемлекеттік қызметшілер арасында қазақ тілін оқыту курсына 612 тыңдаушы қамтылды. Қала тұрғындары мен этнос өкілдері үшін 337 тыңдаушы қамтылды. Ең жоғары көрсеткіштер этнос өкілдері арасында (94%), Түркісіб ауданында (89%) және Әуезов ауданында (84%) байқалды.

Этномәдени бағыттағы оқыту аясында Башқұрт орталығының 28 тыңдаушысы қамтылды.

Осылайша 2025 жылғы оқу кезеңінде қазақ тілін оқыту курсына барлығы 977 тыңдаушы қатысты: оның 612-сі – мемлекеттік қызметшілер, 337-сі – қала тұрғындары мен этнос өкілдері, ал 28 тыңдаушы – Башқұрт орталығының қатысушылары. Мемлекеттік қызметшілер үшін 37 топ, қала тұрғындары мен этнос өкілдері үшін 19 топ және 1 этномәдени топ жұмыс істеді.

Алайда, тілді оқыту үдерісінде нәтижеге бағдарланған әсілді күшейту қажет. Ол үшін оқыту сапасын арттырумен қатар, қызметшілердің тілдік жетістігін бағалайтын ашық әрі тиімді мониторинг жүйесін қалыптастыру, оқу нәтижесін мансаптық өсумен және кәсіби дамумен ұштастыру маңызды. Сонда ғана мемлекеттік тілдің мәртебесі артып, мемлекеттік қызмет көрсету сапасы жаңа деңгейге көтеріледі.

Мемлекеттік мекеме қызметшілерінің қазақ тілін меңгеруі – азаматтарға сапалы қызмет көрсетудің және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырудың маңызды шарты.

Динара МЕЙРАМБЕКҚЫЗЫ,
Мемлекеттік тілді дамыту институтының ғылыми қызметкері.

БАС ЖОСПАР

Алматыда қаланың жаңа бас даму жоспарының стратегиялық экологиялық бағалауы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтті. Онда шаһарды экологиялық тұрғыдан дамытуға бағытталған жұмыстар, Эл-Фараби даңғылынан оңтүстікке қарай орналасқан тау бөктерлерінде күрделі құрылыс жүргізуге толық тыйым салу, Іле Алатауы ұлттық табиғи саябағы аумағын қорғау режимін сақтау, сондай-ақ қаладағы ауа сапасын бақылау желісін 50-ден астам тұрақты бақылау бекетіне дейін кеңейту мәселелері басты назарға ұсынылды.

Көгалдандыру мәселесі ерекше назарда

Тыңдау барысында тұрғындардың бірі құжат қаланы көгалдандыру бағытында атқарылған жұмыстарға жүргізілген талдаудың нақты нәтижесін ұсынуды сұрады. Оның айтуынша, қала тұрғындарын Алматының жасыл қорының қазіргі жай-күйі мен оның ауа сапасына ықпалы туралы объективті бағалау қызықтырады. Бұл сұраққа PhD докторы, белгілі қазақстандық биотехнолог-ғалым Гүлнұр Жүнісова жауап берді. Оның айтуынша, бүгінгі ахуалға жан-жақты талдау жасалған. Қазіргі таңда Алматыдағы бір тұрғынға шаққандағы жасыл желекпен қамтамасыз ету деңгейі шамамен, 5 шаршы метр. Бұл белгіленген нормативтен едәуір төмен. Ал межелі көрсеткіш – бір адамға шаққанда 16 шаршы метр. Сарапшы нормативтік есептеу кезінде кейбір табиғи аумақтар қаланың көгалдандыру жүйесінің құрамына енгізілмейтінін атап өтті. Сондықтан олар жалпы статистикалық көрсеткіште есепке алынбайды.

– Белгіленген межеге қол жеткізу үшін бас жоспарда жасыл желек көлемін едәуір ұлғайту көзделген. Осы мақсатта жыл сайын 10 мыңнан астам ағаш егу жоспарланып отыр. Бұл ретте жергілікті табиғи жағдайға бейімделген өсімдік түрлеріне басымдық беріледі, – деді ол.

Гүлнұр Жүнісованың айтуынша, мұндай тәсіл қаланың көгалдандыру деңгейін арттырып қана қоймай, қала экожүйесінің жағдайын жақсартуға, биологиялық алуан түрлілікті сақтауға және қаладағы құстар мен жануарлардың тіршілік етуіне қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қаладағы жасыл



ҚАЛА ДАМУЫ ХАЛЫҚ ҚАПЕРІНДЕ

Алматылықтар шаһардың басты құжатын талқылады

белдеуді өзен жағалауларын көгалдандыру және жасыл желек алқаптарын ұлғайту арқылы дамыту жоспарланған.

Жаңа нысандар салынады

Қоғамдық тыңдау кезінде Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Нұрбақыт Серікбай энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың негізгі бағыттарын таныстырды. Оның айтуынша, негізгі міндеттердің қатарында саланы цифрландыру, су ресурстарын ұтымды пайдалану, электр көлігіне арналған инфрақұрылымды дамыту және қаланың орнықты дамуына ықпал ететін жобаларды жүзеге асыру бар.

Талқылау барысында тұрғындар халық санының артуы мен тұрғын үй құрылысының қарқынды жүруіне байланысты Алматыны ауызсумен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударды. Қойылған сұрақтарға жауап берген Нұрбақыт Серікбай сумен жабдықтау жүйесін дамыту жұмыстары 2040 жылға дейінгі ұзақ мерзімді жоспар аясында жүргізіліп жатқанын айтты.

– Бүгінде сумен жабдықтау мәселесі ең алдымен Наурызбай ауданында және Бостандық ауданының кей бөлігінде өзекті болып тұр. Су тапшылығының алдын алу үшін жаңа су алу нысандарын, сүзгі стан-

цияларын салу, қолданыстағы су көздерінің қуатын кеңейту және инженерлік желілерді жаңғырту бойынша бірқатар жоба жүзеге асырылып жатыр, – деді басқарма басшысы.

Экологиялық басымдық

Қазақстан Экологиялық аудиторлар палатасының Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша өкілдігінің басшысы Әсет Тазабеков Алматыдағы автокөліктің ауа сапасының әсеріне қатысты мәліметтерді ортаға салды. Оның айтуынша, 2025 жылы наурыздағы жағдай бойынша қалада 650 017 автокөлік тіркелген. Бұған қоса, Алматыға күн сайын еліміздің өзге өңірлерінен шамамен, 250 мың автокөлік кіреді. Соның нәтижесінде автокөліктерден бөлінетін зиянды заттардың жылдық көлемі 116,5 мың тонна болып, олардың шаһардағы жалпы шығарындылардағы үлесі 60,6 пайызға жеткен.

Сарапшының айтуынша, экологиялық бақылау аясында автокөліктердің көміртек тотығының мөлшері мен пайдаланылған газдарының түтінділігіне қатысты 227 538 тексеру жүргізілген.

– Тексеру нәтижесінде 24 793 жағдайда белгіленген нормативтердің сақталмағаны анықталды. Бұл тексерілген автокөліктердің жалпы санының 11 пайызы. Көміртек тотығының мөлшеріне жүргізіл-

ген 184 740 өлшеудің 21 160-ында рұқсат етілген шектен асып кету тіркелді. Ал жалпы 206 237 тексерудің қорытындысы бойынша, 34 606 экологиялық талаптың бұзылу дерегі анықталды, – деді Әсет Тазабеков.

Оның мәліметінше, бензин және газбен жүретін автокөліктер арасында тіркелген нормативтен асып кету жағдайларының ең жоғары үлесі Алматы облысына 46 пайыз, ал Алматы қаласына 33 пайыз тиесілі.

Атмосфералық ауаның ластануында автокөліктің шешуші рөл атқаратынын PhD докторы, биотехнолог-ғалым Гүлнұр Жүнісова да растады.

– Жүргізілген талдау нәтижесі атмосфераға таралатын зиянды шығарындылардың шамамен, 60 пайызы автокөлік үлесіне тиесілі екенін көрсетті. Осыған байланысты көлік саласы экологиялық реттеудің негізгі бағыттарының бірі ретінде айқындалды. Сондықтан қоғамдық көлік жүйесін дамыту қала үшін бірінші кезектегі экологиялық міндеттердің бірі, – деді Гүлнұр Жүнісова.

Қаланың көлік жүйесін дамытудың негізгі бағыттарының бірі – рельсті көлік инфрақұрылымын кеңейту. 2040 жылға қарай метро желісінің ұзындығын қазіргі 13,4 шақырымнан 50,6 шақырымға дейін, яғни төрт еседен астам ұлғайту жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта «Қалқаман» метро бекетінің құрылысы жалғасуда. Сонымен қатар, «Барлық» көлік-логистикалық торабына дейін тағы үш станция салуға дайындық жүргізіліп жатыр. Ұзындығы 18 шақырым болатын LRT желісінің бірінші кезеңінің құрылысы да басталды. Бағыт Бауыржан Момышұлы көшесі, Төле би көшесі және Абылай хан даңғылы арқылы өтеді. Бұдан бөлек, жалпы ұзындығы 42 шақырым болатын екі SkyTrain желісін іске қосу жоспарланған.

Досбол АТАЖАН.

БАЙҚАУ



Оқушылар сарайында Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының күшіне енуіне орай «Конституция – балалар көзімен» атты аудандық балалар сурет байқауының жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Іс-шараға 50-ден астам жас суретші қатысып, олардың 20-ға жуығы жүлделі орындарға ие болды. Аталмыш іс-шараны Медеу ауданының әкімдігі мен қалалық Білім басқармасының Оқушылар сарайы ұйымдастырды.

«КОНСТИТУЦИЯ – БАЛАЛАР КӨЗІМЕН»

Сурет байқауы 15–29 маусым аралығында 7–10 және 11–15 жас аралығындағы екі жас санаты бойынша өткізілген еді. Жеңімпаздарды құттықтаған Оқушылар сарайының директоры Айгүл Байсымақова байқаудың жас ұрпақтың құқықтық мәдениетін қалыптастырудағы маңызын атап өтті.

– Байқаудың мақсаты – 7–15 жас аралығындағы балалардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына деген құрмет сезімін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және жас дарындарды қолдау болды, – А.Болатбекқызы.

Салтанатты рәсім барысында қазылар алқасының шешімімен үздік деп танылған қатысушылар дипломдармен, естелік сыйлықтармен және жазғы демалыс кезінде аквапаркке тегін жолдамалармен марапатталды. Жұлдегерлер

қатарында болашағынан зор үміт күттіретін, №30 мектептің 5-сынып оқушысы Ғалым Айым да бар. Ол II орынды иеленіп, өз шығармаларында Конституцияның балалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы маңызын және тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағын бейнеледі.

Байқауға ұсынылған барлық жұмыстардың негізгі тақырыбы – Конституцияның қоғамдағы орны, балалардың құқықтары мен бостандықтары, ел бірлігі, бейбітшілік пен келісім, сондай-ақ Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі жетістіктері мен болашағы болды. Жас суретшілер өз туындылары арқылы Отанға деген сүйіспеншілігін, туған елінің келешегіне деген сенімін, ұлттық құндылықтарға құрметін және азаматтық ұстанымын шығармашылық тұрғыда жеткізе білді.

Рая ЕСКЕНДІР.

ҚАЛАДАҒЫ ҚОҢЫР КЕШТЕР



1 шілде – еліміз үшін ерекше күн. Бұл – жаңартылған Конституцияның күшіне енген күні. Осы маңызды мерекеге орай Алматыдағы «Ала-тау» дәстүрлі өнер театрының алаңында «Біз – біртұтас Қазақстан халқы!» атты ауқымды мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Ашық аспан астында өткен мәдени кеш қала тұрғындары мен қонақтарын бір алаңға жинады. Халық лық толы болды. Концерт бағдарламасы да көрермен көңілінен шықты. Сахнада «Абырой», «КешYOU», «Алаш ұлы» топтары, Айдана

Меденова, Ziruza, Ерке Есмахан, Раим, Садраддин секілді танымал өнерпаздар өнер көрсетті. Жиналған жұрт әр әнге, әр биге ықыласпен қол соғып, көңіл күйлері көтеріңкі болды.

Концертке келген алматылық тұрғындардың бірі Арайлым Жалғасқызы бұл іс-шараның ерекше әсер қалдырғанын айтты.

– Бүгінгі концерттің атмосферасы ерекше болды. Өнер тілі әрқашан да ұлт-

ты, ұрпақты жақындастырады. Осындай концерттер арқылы біз балаларға да, жастарға да, ересектерге де отансүйгіштік, бірлік пен келісім сияқты асыл қасиеттерді насихаттай аламыз. Осы мерекенің дәл бүгін, көңілді жағдайда өтуі – халықтың өз еліне деген сүйіспеншілігін көрсетеді, – деді ол.

Әуезді ән, көтеріңкі көңіл күй және мыңдаған адамның ортақ мерекеге куә

болуы – Алматыдағы жазғы кештің ең жарқын оқиғаларының біріне айналды. Бұл кеш Конституцияның қағидаттары тек заң жүзінде ғана емес, қоғамдағы татулық, өзара құрмет және бірлік арқылы да өміршең екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Аяжан ҚУАНЫШОВА.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

6 шілде – елімізде Астана күні аталып өтеді. Қазақстан Республикасы өзінің саяси орталығын сәтті көшіріп, Егемендігінің іргесін бекітуде төл тәжірибеге ие мемлекет. Бұл айтулы күн осы тарихи маңызды сәттерді және сындарлы шешімдерді еске түсіретінімен ерекшеленеді.

Алматы қаласы – ел тәуелсіздігінің алтын бесігі. Бұл шырайлы шаһарда алғаш рет Тәуелсіздік декларациясы қабылданып, Қазақстан Республикасы өзін әлемдік қауымдастыққа Егемен ел ретінде жариялады. Алайда, ұлттық қауіпсіздік пен тұтастықты қамтамасыз етуде астананы елдің орталық бөлігіне көшіру кезек күттірмейтін маңызды қадам болатын. Қазақ елі ТМД қатарында мұндай ауқымды стратегиялық қадамды батыл түрде жасап, әрі сәтті жүзеге асыра алған ел болды.

Астананы Алматыдан Қазақстанның орталығына көшіру ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 6 шілдедегі №106-ХІІІ «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» қаулысымен жүзеге асырылған болатын. Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы соңғы шешім 1997 жылы қабылдады. Ал ҚР Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы №3700 Жарлығымен 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап еліміздің астанасы Ақмола қаласы болып жарияланды. 1998 жылғы 6 мамырдан тартып бұрынғы Ақмола атауы ресми түрде Астана болып өзгерді. Сол жылы 10 маусымда жаңа Астананың ресми тұсаукесері өтті. Астана мәртебесін ал-



ған сәттен бастап Астана күні 10 маусымда атап өтілген. 2006 жылға келгенде бұрынғы ҚР Жоғарғы Кеңесінің астананы ауыстыру шешімі шыққан 6 шілде Астана күні болып өзгерді.

Шын мәнінде, астана ауыстыру мемлекеттер үшін аса маңызды мәселе. Қазақ елі жасаған бұл тарихи қадам әкімшілік орталықты ауыстырып қана қойған жоқ, жас мемлекеттің егемендігін нығайтып, аумақтық тұтастығын бекітуге оң ықпал етті. Оның үстіне ұзақ мерзімді ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге де бағытталған тарихи таңдау ретінде бағалауға әбден болады.

Астананың елдің географиялық орталығына жақын өңірге көшудің кең-байтақ аумақты басқарудың тиімділігін арттырған.

Солтүстік және орталық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық әлеуеті күшейіп, республикадағы өңіраралық байланыстар жаңа деңгейге көтерілді. Бұл жөнінде отандық тарихшы ғалымдар мен сарапшылардың тұшымды тұжырымдары бар. Айталық, саясаттанушы Ерлан Қарин, тарихшы Мәмбет Қойгелді және басқа да зерттеушілер бұл шешімнің мемлекеттік басқару жүйесін теңгерімді дамытуға мүмкіндік бергенін атап өткен болатын.

Академиктер мен сарапшылар бұл маңызды тарихи оқиғаның тағы бір қырына терең үңіледі. Яғни ұлттық қауіпсіздік пен егемендікті нығайту мәселесі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында демографиялық және

геосаяси сын-қатерлерді ескере отырып, астананы Арқаға көшіру елдің аумақтық тұтастығын нақты іс жүзінде бекітті. Мемлекеттік институттардың жаңа орталыққа шоғырлануы солтүстік өңірлердің стратегиялық маңызын арттырғанын да айта кеткен жөн. Халық саны біршама тығыз оңтүстік өңірлерден солтүстікке қарай табиғи ішкі миграциялық ағын пайда болды. Бұл солтүстік аумақтардағы еңбек күшінің тапшылығы және экономикалық дамуға қажетті шарттардың біртіндеп дамуына ықпал етті. Осымен бір уақытта Қазақстанның унитарлық мемлекет ретіндегі тұтастығын нығайтты.

Ел Тәуелсіздігінің алғашқы онжылдықтарында жаңа астананың бой көтеруі халықтың болашаққа

деген сенімін де бекемдеді. Сол кезеңде жаңа астана Қазақстанның жаңа даму моделінің символына айналды деуге де толық негіз бар. Мысалы, философ Ғарифолла Есім мен өзге де зерттеушілер елорданы ұлттық жаңғырудың сәулеттік әрі идеологиялық көрінісі ретінде бағалаған болатын. Қысқа уақыт ішінде жаңа қала заманауи мемлекеттік институттар, халықаралық дипломатия, ғылым, білім және инновация шоғырланған орталыққа айналып, Қазақстанның халықаралық беделін арттыра түсті.

Тарихи шешімнің ел экономикасына да өзіндік әсері болғанын айта кеткен жөн. Қысқаша айтқанда, саяси орталықтың Ақмола жеріне ауысуы экономикалық дамуға мультипликативтік әсер берді. Астананың салынуы құрылыс индустриясының, көлік-логистика саласының, қызмет көрсету секторларының дамуын жеделдетті. Тиісінше, инвестиция тартудың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастырды. Соның нәтижесінде елорданың айналасында жаңа өндірістер мен кәсіпкерлік белсенділік пайда болып, Солтүстік және Орталық Қазақстан экономикасының серпінді дамуына жол ашты.

Бір сөзбен айтқанда, астананы Арқа төсіне көшіру – тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтқан стратегиялық шешімдердің бірі. Ол елдің егемендігін халықаралық деңгейде бекітіп қана қоймай, аумақтық тұтастықты күшейтті. Бүгінде бұл тарихи қадам тәуелсіздік жылдарындағы ең табысты мемлекеттік реформалардың бірі ретінде ғылыми және сараптамалық әдебиеттерде кеңінен мойындалып келеді. Астанамыз Тәуелсіз елдің Темірқазығы сынды елдігіміздің асқақ айыбы болып қалды. Елдігіміз бекем, болашағымыз жарқын болып, Астанамыз әрқашан гүлдене берсін!

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Бізге «Домбыра – Қазақстанның мәдени бренді: күй өнерін сақтау және насихаттау» тақырыбында өткен баспасөз мәслихатына қатысудың реті түсті. Жиында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Карима Сахарбаева домбыраны ұлттық тарихы мен дүниетанымын, салт-дәстүрін жеткізетін киелі мұра деген пікірін ортаға салды.



Қазақта домбыраның жиырмадан астам түрі бар. Олардың қатарында үш ішекті, қос бетті, құрамалы және әр өңірге тән домбыра үлгілері кездеседі. Осы ерекшеліктер концерттер мен мәдени іс-шараларда кеңінен көрсетілсе, ұлттық мұраны дәріптеуге үлкен үлес қосар еді. Мұнымен қоса, сөзге жүйрік спикер бүгінгі жас домбырашылардың алдында тұрған өзекті мәселе лердің бірі – жұмысқа орналасу екенін де жасырмады.

«Қазіргі таңда ірі оркестрлер мен ансамбльдердің басым бөлігі мамандармен толық жасақталған. Сондықтан бүгінгі домбырашы тек орындаушы болып қалмауы керек. Ол маркетингті, менеджментті меңгерген, өз жобасын жасай алатын, заманауи аудиториямен жұмыс істей білетін жан-жақты маман болуы тиіс», – деді оқытушы.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатына қатысушылардың ортақ пікіріне жүгінсек, домбыра – қазақ халқының ұлттық болмысын айқындайтын басты құндылықтардың бірі. Сондықтан күй өнерін сақтау тек мерекелік концерттермен шектелмеуі керек. Домбыраны мектептен бастап оқыту, өңірлік күйшілік мектептерді қолдау, жас орындаушыларды жан-жақты даярлау, дәстүрлі өнер театрларын дамыту және ұлттық музыканы заманауи форматта насихаттау – қазақтың күй өнерін келер ұрпаққа аман жеткізудің негізгі жолы.

Дастан ҚАСТАЙ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҰЛТТЫҚ КОДТЫҢ ӨЗЕГІ

Домбыраның жаңа дәуірі басталды



Белгілі өнер зерттеушісі, күйші, «Құрмет» орденінің иегері, өнертану кандидаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Домбыра» кафедрасының доценті Әбділхамит Райымбергенов ұлттық өнердің болашағы мектептен басталатынын айтты. Ғалымның сөзінше, бұған дейін домбыраны мектеп бағдарламасына енгізу мақсатында арнайы әдістеме әзірленіп, оқу құралдары мен дидактикалық материалдар дайындалған. Бағдарлама еліміздегі 79 мектепте жүзеге асырылып, нәтижесінде 27 мыңнан астам оқушы домбыра үйренген. Сонымен қатар, демеушілердің қолдауымен бес мыңға жуық домбыра таратылған.

«Егер балаларымыз, немерелеріміз өзіміздің күйімізді тыңдамай, әнімізді айтпай өссе, онда бұл өнер кімге керек? Ұлттық мұрамыз музейдің жәдігеріне айналып қалмауы үшін оны мектеп қабыр-

ғасынан бастап оқытуымыз қажет», – деді Әбділхамит Райымбергенов.

Сонымен қатар, күйтану өнерінің кемеңгері атанған ағамыз музыка пәнінің тек теориямен шектелмей, домбыра тарту, халық әндерін орындау, айтыс өнері, жыраулық дәстүр және түркі халықтарының музыкалық мұрасын қамтуы керек деп санайтынын жеткізді. Сондай-ақ, Алматыда ашылған Дәстүрлі өнер театрын жоғары бағалап, мұндай мәдени ошақтар еліміздің барлық өңірінде жұмыс істеуі қажет екенін айтты.

Қазақстанның халық әртісі, профессор Айгүл Үлкенбаева ұлттық өнердің өміршеңдігі, ең алдымен, оның сахнадағы сапалы насихатына байланысты екенін

айтты. Оның пікірінше, бүгінгі концерттік бағдарламалар тек кәсіби орындаушылықты ғана емес, жастардың қызығушылығын арттыратын жаңа форматтарды да қамтуы қажет. Бұл күй өнерінің жаңа буынға жақындай түсуіне мүмкіндік береді.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, PhD, доцент Ержан Жәменкеев Ұлттық домбыра күні бір реттік акция емес, ұлттық өнерді жүйелі дәріптейтін маңызды мереке болуы тиіс екенін айтты.

айтты. Оның пікірінше, бүгінгі концерттік бағдарламалар тек кәсіби орындаушылықты ғана емес, жастардың қызығушылығын арттыратын жаңа форматтарды да қамтуы қажет. Бұл күй өнерінің жаңа буынға жақындай түсуіне мүмкіндік береді.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, PhD, доцент Ержан Жәменкеев Ұлттық домбыра күні бір реттік акция емес, ұлттық өнерді жүйелі дәріптейтін маңызды мереке болуы тиіс екенін айтты.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, PhD, доцент Ержан Жәменкеев Ұлттық домбыра күні бір реттік акция емес, ұлттық өнерді жүйелі дәріптейтін маңызды мереке болуы тиіс екенін айтты.

КҮЙМЕН КӨМКЕРІЛГЕН КЕШ



Домбыра күні қарсаңында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі 92-концерттік маусымын салтанатты түрде аяқтады. Дәстүрлі өнердің мерейін үстем еткен кеште қазақтың күй мұрасы мен халық әндері шырқалып, ұлттық музыка өнерінің асыл қазынасы көрерменге ұсынылды.

Концерт қазақ халқының рухани болмысын айшықтайтын қасиетті домбыраның қадір-қасиетін дәріптеуге арналды. Маусымның жабылу кешінде қазақтың дәстүрлі музыка өнерінің алтын қорына енген халық күйлері мен халық әндері, сондай-ақ белгілі композиторлардың таңдаулы шығармалары орындалды.

Кеш барысында белгілі өнер жұлдыздары Рамазан Стамғазиев, Нұрғалым Аманбай, Жайна Бауыржанқызы, Нұрсұлтан

Өтеген және күйші Сабира Бибатырова өнер көрсетіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Оркестрге Абылай Тілепбергенов, Жексен Айсын және Нарын Қажығали қатарды өнер майталмандары дирижерлік етті. Кеште Құрманғазының «Кісен ашқан», Соқыр Есжанның күйлері, «Сайран көл», «Байтақ далам», Сүгірдің «Тоғыз тарау» секілді ұлттық музыка қорындағы таңдаулы шығармалар орындалды. Әсіресе, үлкен сахналарда сирек

шырқалатын туындылардың енгізілуі концерттің мазмұнын байыта түсті.

Оркестрдің бас дирижері Абылай Тілепбергеновтің айтуынша, ұжым репертуарды көрермен сұранысына сай жаңартып отырғанымен, қазақтың классикалық күй мұрасын насихаттауды басты міндеттердің бірі санайды.

– Біздің жолымыз – дәстүрлі жол. Репертуарымызға қазақтың ән-күй мұрасын кеңінен енгізіп келеміз. Соның ішінде үлкен сахналарда сирек орындалатын Құрманғазының «Кісен ашқан», Сүгірдің «Тоғыз тарау» сияқты күйлерін орындауды жөн көрдік. Жаһандану дәуірінде көрерменнің талғамын ескереміз, бірақ ұлттық классикалық мұраны насихаттау – басты мақсатымыз, – деді ол.

Биылғы 92-концерттік маусым оркестр үшін шығармашылық ізденістерге, жаңа концерттік бағдарламаларға және мәдени жобаларға толы болды. Ұжым еліміздің әр өңірінде гастрольдік сапарлар өткізіп, қазақтың дәстүрлі музыкалық мұрасын кеңінен насихаттауға үлес қосты. Ұлттық домбыра күніне арналған концерт маусымның жарқын қорытындысы болып, көрерменге ұлттық өнердің мәңгілік құндылығын тағы бір мәрте сезіндірді.

Дана САДЫРҚАН.

Суреттер: автордан.

Қазақстан Жазушылар кітапханасында Ұлттық домбыра күніне арналған «Ән – домбыра, жыр – домбыра, күй – домбыра!» атты мерекелік күй тартыс өтті. Мерекелік іс-шараны «Сабира» домбыра мектебінің «Төрмұрат» ансамблі «Попурри», «Адай» күйлерімен ашты.



КИЕЛІ АСПАПТЫҢ КҮМБІРІ

Кешті белгілі этнограф-жазушы, құсбегі Данияр Әлбозым ашып, айтулы күннің маңыздылығы туралы кеңінен әңгімеледі. Белгілі ақын Болат Шарахымбай ұлтымыздың үні болған киелі аспап туралы айта келе, өзінің домбыра туралы өлеңдерін оқыды.

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, күйші Ержан Арзықұлов, «Күйшілер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы филиалының төрағасы, ҚР мәдениет саласының үздігі Талап Қараш, халық күйшісі Сарқытбай Қалиұлы қасиетті домбыра жайында ел біле бермейтін мәліметтерін ортаға салды. Күймен көмкерілген кеш әсем әнмен әрленді. «Серпер» жастар сыйлығының иегері, «Жүз жаңа есім» жобасының жеңімпазы Ержан Жұмабекұлы «Молдабай» әнін нәшіне келтіре шырқады.

Халық күйшілерімен қатар, өзге ұлт өкілдері №166 физика-математика лицейінің оқушылары Пак Никита, Портянкин Эмир

«Ерке сұлқым» күйін, «Домбыра туралы баллада» әнін орындап, көрермендерді тәнті етті. Бұл күні «Ақниет» әжелер ансамблінің мүшелері де мерекеден тыс қалмай, бірнеше халық әндерін орындап берді. Әсіресе, домбыраның құлағында ойнайтын «Төрмұрат» домбыра ансамблі мен «Бәйтерек» аула клубының домбырашылары кезектесіп күй тартысып, кештің көркін кіргізді.

Кешті жүргізген кітапхана жетекшісі Мақпал Мұхаммедова қонақтарды домбыраның тарихына арналған кітап көрмесімен таныстырды. Әуезов ауданы, «Ардагерлер ұйымы» Әуезов аудандық филиалы төрағасының орынбасары Жағыпар Қасен, кітапхананың ардагер қызметкері Елена Ағайса қорытынды сөз сөйлеп, белсене қатысушыларды Алғыс хатпен марапаттады. Іс-шара соңында күйшілер Нұрғиса Тілендиевтің «Әліқисса» күйін қосыла орындап, кешті қорытындылады.

Рая ЕСКЕНДІР.

НАНОҒЫЛЫМНЫҢ НАР ТҰЛҒАСЫ

Зұлқайыр Мансұровтың ғылыми феномені

Қазақстан ғылымында өзіндік ғылыми мектебін қалыптастырған тұлғалардың бірі – химия ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Зұлқайыр Аймұхаметұлы Мансұров. Ол жарты ғасырдан астам уақытын ғылымға арнап, отандық химиялық физика мен нанотехнологияның дамуына өлшеусіз үлес қосты.

1968 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің Химия факультетін тәмамдаған жас ғалым еңбек жолын Физикалық химия кафедрасында бастады. 1973 жылы жану процестерінің молекулалық механизмдерін зерттеуге арналған кандидаттық диссертациясын қорғап, оның ғылыми нәтижелері академик В.Н.Кондратьев редакциялаған халықаралық анықтамалыққа енді. 1981 жылы Қазақстаннан алғаш-

қылардың бірі болып Лондон университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті.

Ғалымның ғылымдағы ең ірі жетістігі – «төменгі температурадағы суық жалында күйе түзілу құбылысын» дәлелдеуі болды. Бұған дейін күйе тек жоғары температурада түзіледі деген түсінік үстем еді. Зұлқайыр Мансұров жетекшілік еткен ғылыми топ бұл көзқарасты өзгертті. 2002 жылы осы жаңалығы халықаралық деңгейде мойындалып, арнайы дипломмен марапатталды. Кейін бұл зерттеу графен, фуллерен және көміртекті нанотүтікшелерді зерттеудің теориялық негізіне айналды. Ал ғылыми ұжым Қ.И.Сәтбаев атындағы сыйлықтың алғашқы иегерлерінің бірі болды.

Ғалымның зерттеулері бүгінде энергетика, медицина, экология және электроника салаларында кеңінен қолданылатын нанокөміртекті материалдарды дамытуға жол ашты. Сонымен қатар, ол Қазақстанда



түрлі-түсті металдарды 3D-басып шығару технологияларын дамытуға жетекшілік етіп, ғылымның өндірістік инновациямен ұштасуына ықпал етті.

Зұлқайыр Мансұров Қазақстандағы нанотехнология ғылымының институционалды негізін қалыптастырды. Оның басшылығымен Жану проблемалары ғылыми-зерттеу институты заманауи наноматериалдарды зерттейтін халықаралық орталыққа айналды. Институт ғалымдары ауыл шаруашылығы қалдықтарынан медицина мен ауыл шаруашылығына арнал-

ған ИНГО сериялы функционалды наноматериалдар әзірледі.

Ғалым ұстаз ретінде де үлкен мектеп қалыптастырды. Ол «Нанотехнология негіздері», «Физико-химические основы нанотехнологий и наноматериалов» сияқты іргелі оқулықтардың авторы әрі халықаралық «Нанотехнологиялар» оқулығын қазақ тіліне аударуға жетекшілік етті. Сонымен бірге, қазақ тіліндегі ғылыми терминологияның қалыптасуына зор үлес қосты.

Бүгінде академик 700-ден астам ғылыми еңбек, 5 монография, 6 оқулық, 30-дан астам патенттің авторы. Оның жетекшілігімен 39 кандидаттық, 8 докторлық және 10 PhD диссертациясы қорғалды. Ол «Eurasian Chemico-Technological Journal» журналының бас редакторы, халықаралық ғылыми симпозиумдардың ұйымдастырушысы ретінде де әлемдік ғылым кеңістігінде танылды.

Зұлқайыр Мансұровтың ғылыми феномені – бір ғылыми идеяны ондаған жыл бойы терең зерттеп, оны әлемдік жаңалық деңгейіне жеткізе білуінде. Оның негізін қалаған ғылыми мектеп ауыл шаруашылығы шикізатын жоғары технологиялық наноматериалға айналдыру бағытын дамытып, Қазақстанды химиялық физика мен нанотехнология саласында жаңа деңгейге көтерді. Бұл – ғалымның ғылымға қалдырған ең үлкен мұрасы.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
профессор.



Жетістігімізге шетелдіктер қызықты

Таиланд елінен іссапармен келген медицина қызметкерлері Алматы қаласы ЖИТС орталығында болды. Олар біздегі АИТВ-ға өзін-өзі тестілеу тәжірибесіне және халықтың диагностикаға қолжетімділігін кеңейту үшін цифрлық сервистерді қалай пайдаланып жатқанымызға қызығушылық танытты.

Алматылық мамандар шетелдік әріптестерін hivtest.kz арнайы онлайн-платформасымен таныстырды. Оның жұмыс механизмі мен енгізу нәтижелері туралы айтты. Аталған сервис АИТВ-ға өзін-өзі тексеруден тегін, жасырын және құпия түрде өтуге, тесттің орындалуы бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулықтар, сондай-ақ қажет болған жағдайда медициналық мамандардан кеңес алуға мүмкіндік береді. Орталық қызметкерлерінің айтуынша, мұндай формат диагностиканың қолжетімділігін арттырады және АИТВ-инфекциясын ерте анықтауға ықпал етеді.

Ресурс халықтың негізгі топтарын қоса алғанда, тестілеуді халық үшін барынша қарапайым, ыңғайлы және қауіпсіз ету мақсатында құрылды. Сондай-ақ, бұл онлайн-платформа стигма мен кемсі-

тушіліктің әсерін төмендетуге көмектеседі. Халықтың АИТВ және оның алдын алу іс-шаралары туралы хабардар болуын арттырады, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын алуға ықпал етеді.

Пайдаланушылар тестілеуден медициналық мекемеге бармай-ақ, алдын ала жазылусыз, үйде отырып өтуге мүмкіндік беретін ресурстың аса қолайлы екенін жиі айтады. Бұл әртүрлі себептермен медициналық көмекке жүгінуді кейінге қалдыра беретін адамдар үшін өте маңызды.

Кездесу барысында Таиланд пен Қазақстан мамандары АИТВ-инфекциясының алдын алудың заманауи тәсілдерін, тестілеуге бейімділікті арттыру, халықты ақпараттандырудың тиімді әдістерін және цифрлық медициналық сервистерді дамыту мәселелерін талқылады. Практикалық тәжірибе алмасуға, инновациялық шешімдерді енгізуге және қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ұсынымдарды пайдалануға ерекше назар аударылды.

Алматы қаласы ЖИТС орталығының мамандары АИТВ-ны ерте анықтау әдісі антиретровирустық терапияны уақытылы бастауға, өмірдің жоғары сапасын сақтауға және инфекцияны одан әрі жұқтыру қаупін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Сондықтан да тестілеуге қолжетімділікті кеңейту профилактикалық жұмыстың негізгі бағыттарының бірі болып қалады.

Country & Town House Алматы туралы жазды

Алматы британдық саяхатшыларға арналған беделді басылымның ұсынымдар тізіміне енді.

Нақтырақ айтсақ, Британдық премиум санаттағы Country & Town House басылымы ару Алматыны Қазақстанның заманауи мәдениетімен танысуға болатын ең қызықты бағыттардың бірі ретінде атады.

Журналдың және оның цифрлық платформаларының жалпы аудиториясы 500 мыңнан асады. Олардың қатарында әлемнің түкпір-түкпірінен саяхатшылар, кәсіпкерлер және креативті индустрия өкілдері бар.

Жарияланымда Алматының

гастрономиялық мәдениетіне, сондай-ақ қаланың жаңа мәдени кеңістіктеріне ерекше назар аударылған. Атап айтқанда, Almaty Museum of Arts қаланың маңызды заманауи мәдени нысандарының бірі ретінде көрсетілген.

Басылым біздің шаһарды мәдени мұрасы бай, ерекше гастрономиясы және қарқынды қалалық өмірі үйлескен заманауи мегаполис ретінде сипаттайды. Мұндай жарияланымдар Алматының халықаралық деңгейдегі танымалдылығын арттырып, қалаға әлемнің әр түкпірінен келетін туристердің қызығушылығын күшейтуге ықпал етеді.

Нұржамал ӘЛІШ.


☰

COUNTRY & TOWN
HOUSE
A LIFE IN BALANCE

👤 🔍

SUSTAINABILITY
CULTURE
FOOD & DRI

SUSTAINABILITY CULTURE FOOD & DRI




Almaty: Food, Art & Collective Memory

I thought of Dennis's words as I stepped inside Kazakhstan's most celebrated restaurant, AUYL (which means 'village'), located on the outskirts of Almaty, close to

SUSTAINABILITY CULTURE FOOD & DRI

the bygone style. On shelves by the door are jars of pickles, loaves of bread and vintage teapots, while the menu offers bowls of porridge – including millet, traditional in Kazakhstan — local horse meat sausages and thick potato pancakes.



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Білім – ұлттың болашағын айқындайтын басты құндылық. Алматыда жыл сайын жаңа мектептер салынып, балабақшалар ашылып, білім беру жүйесіне жаңа жобалар енгізіліп келеді. Қаладағы осы өзгерістер, жетістіктер мен алдағы жоспарлар туралы Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Сәкен АРАЛБАЕВ ПЕН әңгімелестік.

– Сәкен Жаббарұлы, қаламыздағы ең жауапты салаға басшылыққа тағайындалдыңыз. «Ақшам» ұжымы да сіздің жаңа қызметіңізге табыс тілейді. Енді әңгімемізді бүгінгі білім саласынан бастасақ... Қазір негізгі басымдық қандай?

– Дәл қазір қала әкімдігінің қолдауымен Мемлекет басшысының тапсырмалары мен Оқу-ағарту министрлігінің стратегиялық бағыттарын негізге ала отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру, ұстаздар қауымын қолдау және мектеп инфрақұрылымын жақсарту бағытында ауқымды жұмыстар атқарып жатырмыз. Бұл жыл Алматы қаласының білім беру жүйесі үшін жауапты әрі ауқымды кезеңге толы болып отыр. Жаңа Конституциямызда мемлекеттің басты басымдығы ретінде білім жүйесі де басты орында тұр. Кезінде Алаштың ардақты ұлы Ахмет Байтұрсынұлының «Білім беру – ұрпақ алдындағы борыш, ел алдындағы міндет» деген сөзі бүгін де мәнін жоғалтқан жоқ. Ұстаздың еңбегі – елдің ертеңіне салынған еңбек. Сондықтан педагогтердің мәртебесін көтеру, кәсіби дамуына мүмкіндік жасау, әлеуметтік жағдайын жақсарту – назардағы мәселе. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та мұғалімнің қоғамдағы орнына ерекше мән береді. Соңғы жылдары қабылданған шешімдердің арқасында ұстаздардың еңбегі лайықты бағаланып келеді. Бұл олардың өз ісіне алаңсыз көңіл бөлуіне мүмкіндік береді. Өздеріңіз де білесіз, Мемлекет басшысының қолдауымен «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданып, ұстаздардың жалақысы бірнеше рет артса, бұған қоса әлеуметтік тұрғыдан да түрлі көмек көрсетіліп келеді. Мемлекет үміт артып, зор сенім білдіріп отырған ұстаздар қатарында Алматы қаласының білім мекемелерінің қызметкерлері де бар. Осынау салаға жауапкершілікті маған сеніп тапсырған соң, бұл көрсетілген зор сенім дер едім.

– Мектепке дейінгі мекемелер білім саласының басты тармағы іспетті. Жалпы, балабақшадағы орын тапшылығы азайды ма?

– Қазіргі таңда Алматыда мектепке дейінгі білім беру жүйесі қарқынды дамып келеді. Қалада 1097 балабақша бар. Оның 201-і мемлекеттік, 896-сы жекеменшік. Бұл ұйымдарда 88 мыңнан астам бала тәрбиеленуде. Соңғы мәліметтерге сәйкес, 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту көрсеткіштері 96,1%-ды құрап отыр. Өткен жылдан бері ваучерлік қаржыландыру жүйесі енгізілді. Оның ерекшелігі – қаржы мекемеге емес, балаға бағытталады. Соның арқасында ата-аналардың таңдау мүмкіндігі кеңейді. 200 мыңнан астам хабарлама жіберіліп, 115 мыңнан астам ваучер берілді. Ең бастысы – кезек 46%-ға қысқарды.

Жалпы, балабақшалардағы орын тапшылығын шешу мақсатында өткен жылы 375 орынға арналған 2 мемлекеттік балабақша Наурызбай, Бостандық аудандарында пайдалануға берілсе, тағы бір балабақшаның ғимаратына 70 орынды жапсарлас ғимарат құрылысы жүргізілді. Сәтін салса, осы жылдың соңына дейін 5375 орынға арналған 62 балабақша ашылады деп күтіп отырмыз. Алматы халқы жыл сайын көбейіп келе жатқан қала. Сондықтан жаңа балабақшалар салу алдағы уақытта да жалғасады.

– Қаладағы мектептердің бүгінгі жағдайы қандай?

– Бір кездері санаулы ғана мектебі бар Алматының бұл күнде 360 мектебі бар. Олардың 227-сі мемлекеттік, ал 133-і жекеменшік. Қала мектептеріндегі оқушы саны 357 225-ге жетті. Олардың 314 456-сы мемлекеттік, ал 42,769-ы жекеменшік мектептерде білім алып жүр. Биыл үлкен өмірге жолдама алған 17 187 түлектің 790-ы «Алтын белгі» иегері атанды. Сонымен қатар, биыл қаламыздағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын 27 813 студент тәмамдады. Жыл артқан сайын оқушы саны да еселене түсуде. Мәселен, биылдың өзінде 20 699 бүлдіршін мектеп табалдырығын аттауға дайын отыр. Бұл көрсеткіштер қаладағы білім беру жүйесіне түсетін жүктеменің жылдан-жылға артып келе жатқанын көрсетеді. Сондықтан жаңа мектептердің құрылысына ерекше көңіл бөлініп отыр.

– Алматы оқушыларының жетістігі көңіл қуанта ма?

– Әрине, біздің оқушылардың жетістігі – бәріміз үшін үлкен мақтаныш. Алматы құрамасы жаратылыстану-математика бағыты бойынша 24 жыл қатарынан республикада бірінші орынды сақтап келеді. Президенттік олимпиадада, республикалық ғылыми жобалар байқауында және халықаралық білім додаларында алматылық оқушылар үздіктер қатарынан көрініп жүр. Жәутіков олимпиадасында қала құрамасы 17 медаль жеңіп алды. Оның алтауы – алтын. Пекиндегі халықаралық инновациялар байқауында да оқушыларымыз жүлделі орындарға ие болды. Бұл нәтижелер ұстаздардың қажырлы еңбегінің жемісі. Биыл №95 лицейдің мұғалімі Татьяна Белоусова әлемнің ең

БІЛІМГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРГЕН ҚАЛА



«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында оқу жылы ішінде 13 мектептің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Бұл оқушы орындарының тапшылығын азайтуға және білім беру инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік беріп отыр. Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде жалпы саны 11 050 оқушыға арналған 8 мектептің ашылуы жоспарланып отыр.

үздік 50 мұғалімінің қатарына енді. Бұған дейін №201 гимназияның ұстазы Айгүл Ишанғалиева да осындай жетістікке жеткен еді. Бұл – Алматы мұғалімдерінің кәсіби деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді.

– Биылғы жыл ресми түрде «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланды. Осы бағыттағы жұмыстарға да тоқтала кетсеңіз...

– 12 мамыр күні Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектті енгізу жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы бекітілді. Осыған орай, 2026 жылғы 1 тамызға дейін республикалық Кешенді жоспармен үйлестірілген жасанды интеллектті енгізудің Өңірлік жоспары әзірленетін болады. Қазіргі таңда, 227 мемлекеттік мектептердің 100%-ы жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілсе, білім беру процесінің 200 мыңнан астам қатысушысы озық ЖИ-модельдерін (Gemini, NotebookLM және Canva-ны) пайдаланады. Қазір қаламыздағы барлық мектептер ЖИ-платформасы арқылы 6500 электрондық оқулыққа тегін қол жеткізіп отыр. Жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайды. Ол ұстаздың жұмысын жеңілдететін көмекші құрал. Сондықтан балаларды осы технологияны дұрыс қолдануға үйрету маңызды.

– Алматы – «Келешек мектептері» жобасы ерекше жанданып жатқан өңірдің бірі. Тағы қанша мектеп ашылады?

– Бұл жоба қала үшін өте маңызды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында оқу жылы ішінде 13 мектептің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Бұл оқушы орындарының тапшылығын азайтуға және білім беру инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік беріп отыр. Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде жалпы саны 11 050 оқушыға арналған 8 мектептің ашылуы жоспарланып отыр.

– Мектептерді жөндеу жұмыстары қалай жүріп жатыр?

– Алматы қаласы бойынша 2025–2027 жылдар аралығында 26 мектепке кешенді күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Биыл бірнеше мектеп толық жаңғыртудан өтеді. Сонымен бірге, 159 мектепте ағымдағы жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Барлық жұмыс жаңа оқу жылы басталғанға дейін аяқталады.

– Өткен жылы әйелдердің құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін заң күшіне енгені белгілі. Осы заңға байланысты, жалпы осы бағытта қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?..

– Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және

олардың құқығын қорғау – еліміз үшін ең басты міндет екені белгілі. Осы ретте қаламыздағы барлық мемлекеттік мектептер турниктермен, дабыл түймелерімен және Полиция департаментінің Жедел басқару орталығына қосылған бейнебақылау жүйесімен 100% қамтылды. Алатау ауданындағы бірнеше мектепте «Target Eye» жүйесі сынақ ретінде енгізілді. Бұл жүйе төбелес немесе қауіпті жағдайларды автоматты түрде анықтап, жауапты мамандарға бірден хабар береді.

– Қаламыздағы «Мектеп автобустары» жобасы жалғаса ма?

– Иә, бұл жоба өз тиімділігін дәлелдеді. Бүгінде 65 мектептің 13 мыңнан астам оқушысы мектеп автобусымен қатынайды. Оларға 295 автобус қызмет көрсетеді. Автобустар халықаралық қауіпсіздік талаптарына сай жабдықталған. Ішінде бейнекамералар, қауіпсіздік белдіктері, төтенше жағдайда шығатын есіктер және ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы құрылғылар қарастырылған. Қазіргі таңда бұл жобаға басқа өңірлер де қызығушылық таныта бастады. Әрине, баланың қауіпсіздігі үшін жасалып жатқан соң, қоғам да қызу қолдап жатыр. Әсіресе, ата-аналар дән риза.

– Қосымша білім беру бағытында қандай жаңалықтар бар?

– Қазіргі таңда Алматыда 20 мемлекеттік және 111 жекеменшік ұйым жұмыс істейді. Әлеуметтік осал топтағы балаларды тегін үйірмелермен қамтуға басымдық берілген. Қала бойынша қосымша біліммен қамту деңгейі 85%-ды құрайды. Соңғы уақытта Алатау және Наурызбай аудандарында инновациялық шығармашылық орталықтары ашылды. Биыл «ЖІГЕР» орталығы пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін Түрксіб ауданында тағы бір осындай орталық ашылады. Балалардың жазғы демалысына да ерекше көңіл бөлінді. Биыл 294 мыңға жуық оқушы жазғы демалыс бағдарламаларымен қамтылды. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін балаларға жергілікті бюджеттен 527 миллион теңге бөлінді. Сонымен қатар, биылғы жылы алғаш рет мектеп жанындағы ыстық тамақпен қамтылатын лагерлерге ерекше білімді қажет ететін балаларға ерекше назар аударылды. Нәтижесінде 1000-нан аса балаларымызға министрлік тарапынан ұсынылған бағдарламалар әзірленіп, мектеп жанындағы лагерьлерде баса назар аударылды.

– Бірінші сыныпқа қабылдау тәртібінде өзгеріс бар ма?

– Алматы қаласында 1-сыныпқа оқушыларды қабылдауды ұйымдастыру ҚР «Білім туралы» Заңына, білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына (ҚР Білім және ғылым министрінің №564 бұйрығы), сондай-ақ «Ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету бойынша пилоттық жобаны іске қосу және іске асыру туралы бірлескен бұйрыққа сәйкес жүзеге асырылып жатыр.

Алматыдағы 214 мемлекеттік мектеп бірінші сыныпқа оқушы қабылдайды. Жаңа оқу жылында бірінші сыныпқа 31 мыңнан астам бала келеді деп күтілуде. Өтініш қабылдау 10 маусымда басталды. Сондықтан ата-аналар құжаттарын уақытында тапсыруы маңызды.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан
Рая ЕСКЕНДІР

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ЖАРЫСЫ

Алматыда жас инженерлер мен өнертапқыштардың ең ірі басқосуларының бірі – «Almaty TechCup XII» халықаралық чемпионаты өз шымылдығын түрді. Екі күнге созылатын ауқымды додаға Қазақстанның түкпір-түкпірінен және Орталық Азия елдерінен келген 3000-нан астам оқушы жиналды.

Биылғы чемпионатқа 4 пен 18 жас аралығындағы 400-ге жуық команда қатысуда. Олар FIRST LEGO League, дрон жарыстары, ғарыштық технологиялар, бағдарлама-лау, жасанды интеллект және басқа да заманауи инженерия бағыттарын қамтитын 14 санат бойынша бақ сынаиды.

Биылғы тақырып «Жасанды интеллект дәуірі» деп аталды, соның өзі чемпионаттың басты ерекшелігі ретінде көзге түсті. Бұл кездейсоқ таңдау емес, елдегі конституциялық өзгерістердің жаңа кезеңімен тұспа-тұс келген іс-шара жастардың ғылым мен технология арқылы жаңа Қазақстанның дамуына үлес қосуға бағыттайды.


Іс-шара аумағы роботтармен, дрондармен, түрлі инженерлік жобалармен толды. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Дархан Ахмедиев оның маңызына тоқталды:

– Бүгінгі бәсекелі жарыс біз үшін өте маңызды. Жаңа буын өсіп келеді. Осындағы жас инженерлер – еліміздің болашақ көшбасшылары, қорғаныс саласының белсенді инженерлері болуы әбден мүмкін. Сондықтан Қорғаныс министрлігі үшін мұндай жобалардың маңызы зор. Біз осындай бастамаларды әрдайым қолдауға дайынбыз, – деді ол.


Сондай-ақ, министр үш мыңнан астам қатысушының жиналуы да өте жоғары көрсеткіш екенін баса белгіледі. Жаңа технологияның жарысына кейбір шетелдік командалар да қатысып, бақ сынап жатыр. Ал жеңімпаздарды қомақты марапаттар күтіп тұр. Олар Алматы қаласы әкімінің кубогы, бағалы сыйлықтар және еліміздің жетекші жоғары оқу

орындарының білім гранттарына ие болады.

Сонымен қатар, үздік командалар Қазақстан құрамасы сапында халықаралық FIRST Robotics чемпионатына қатысуға мүмкіндік беретін төрт жолданы жеңіп алуға мүмкіндік алмақ.



Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.
Суреттер: С.ҚҰСАЙЫНОВ.



ЧЕМПИОНДАР ШАҒАРЫ

«Дені саудың – жаны сау». Дәл осы ұстаным алматылықтардың санасын тарда жүгіріп жүрген тұрғындарды күнделікті көзіміз шалады. Одан бөлек, мегаполисте жылдан-жылға көбейіп келе жатқан веложолдарда екі дөңгелекті айналдырған азаматтардан босамайды. Саябақ пен скейтпарктер, арнайы жабдықталған орындарда да жеке өзі не топ болып жаттығып жатқан тұрғындар баршылық. Бұл – еліміздің спорттық орталығы саналатын Алматыда кәсіби бағыттардан бөлек бұқаралық спорттың қарқынды дамып келе жатқанын көрсетеді.

Алматы қаласы Спорт басқармасының басшысы Дархан Нұрханұлының айтуынша, 2025 жылдың қорытындысы бойынша қалада дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын тұрғындар саны едәуір өскен. Алматылықтардың 42%-ы, яғни 955 мың адам тұрақты түрде шынығады. Оның ішінде 325 мың бала бар. Жалпы мегаполисте 2025 жылы 3 мыңнан астам спорттық-бұқаралық іс-шара өткізіліп, олар 380 мыңнан астам адамды қамтыған. Сондай-ақ, былтыр Алматыда 35 ірі халықаралық спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Олардың қатарында Almaty Marathon, ATP-250 Almaty Open, үстел теннисінен WTT Contender, шахматтан әлем чемпионаты, дзюдодан Азия кубогы мен басқа да беделді жарыстар бар.

Қазіргі таңда Алматы қаласында 3638 спорт нысаны жұмыс істеп тұр. Тұрғындардың спорттық инфрақұрылыммен қамтылу деңгейі – 54,6%. Дегенмен, қала басшылығы тарапынан спорт нысандарын салу мен жаңғыртуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Мәселен, былтыр Алатау ауданында жаңа теннис орталығы пайдалануға берілді. Сонымен қатар, бассейні бар, жалпы аумағы 7400 шаршы метр болатын, тәулігіне 600-ден астам адамды қабылдай алатын

«Жас қанат» дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылды. Бұл бағыттағы жұмыс осымен тоқтамақ емес. Қазір 6 жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін – «Шұғыла», «Шұғыла-2» «Авиатор», «Ақжар», «Саялы» және «Қарасу» нысандарын салу жоспарланып отыр. Оған қоса, Спорттағы дарынды балаларға арналған арнаулы мектеп-интернат-колледжінің орнына

жаңа ғимарат салу және Абай – Розыбакиев көшесіндегі спорттық-жаттығу кешені базасында спортшыларды кешенді даярлауға арналған заманауи спорт орталығын құру жоспарланған. 2025 жылдың тамыз айында Алматыда инклюзивті спортты дамытуға бағытталған жаңа спорт орталығының құрылысы басталды. Екі қабатты ғимараттың жалпы ауданы 7,6 мың шаршы метр болады. Орталықта бассейндер, әмбебап және жаттығу залдары, үстел ойындарына, үстел теннисіне және садақ атуға арналған арнайы залдар қарастырылады. 2026 жылдың соңына дейін қолданысқа берілетін орталықта жүзу, жеңіл атлетика, пауэрлифтинг, үстел теннисі, бадминтон, дзюдо, таэквондо, отырып ойнайтын волейбол, голбол, бочча, арба биі, паравелоспорт, ату спорты және өзге де бейімделген спорт түрлері бойынша жаттығулар өткізіледі.



Жалпы, Алматыда бейімді спорт «Алматы» спорт клубының базасында дамып жатыр. Бұл – қаладағы осындай жалғыз мемлекеттік мамандандырылған клуб. Қазір мұнда денсаулығында кінәраты бар 756 спортшы жаттығады. 8 бөлімше жұмыс істейтін клубта паралимпиадалық, сурдлимпиадалық, ұлттық және инклюзивті бағыттарды қоса алғанда, спорттың 23 түрі бар. Барлығын білікті мамандар жаттықтырады, сабақтары да тегін өтеді. Маңызды оқиғаның бірі – клубтың 12 өкілінің Токиода өткен XXV жазғы Сурдлимпиада ойындарына қатысуы болды. Бұл жарыста алматылық спортшылар 2 күміс пен 2 қола медаль жеңіп алды.

2026 жылдың басынан бері Алматыда спорттық жетістіктер мен ерекше бастамалар да аз емес. Мысалы, биыл Италияда өткен Олимпиада ойындарында алматылық спортшы Михаил Шайдаров чемпион атанып, қаламыздың ғана емес, еліміздің мерейін үстем етті. Сондай-ақ, Наурыз мейрамына орай Жетісу ауданындағы Алматы ипподромында өткен іс-шара барысында әлемдік рекорд орнатылды. Динара Сайдалина түйе үстінде садақ атып, 10 секунд ішінде 4 нысананы дәл көздеді. Бұл жетістік Гиннестің рекордтар кітабына тіркелді. Ал Балуан Шолақ атындағы мәдениет және спорт сарайында алғаш рет жаңа форматтағы спорт фестивалі өтті. 300-ге жуық адам қатысқан CYCLE FEST фестивалінде интерактивті алаң, спорттық және би перформанстары, көрсетілім бағдарламалары мен ойын-сауық аймағы ұйымдастырылды. Бұл – дене белсенділігі, музыкалық бағдарлама және технологиялық шешімдерді бір форматта біріктірген Қазақстандағы алғашқы спорттық жоба болды. Жыл соңына дейін осындай қарқынды Алматының спорттық өмірі дамып, инфрақұрылымы көбейіп, спортпен тұрақты түрде айналысатын адамдардың саны арта түседі деп сенеміз.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: С.ҚҰСАЙЫНОВ.



Экологиялық мәдениетке қадам

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде экологиялық мәдениетті жаңа деңгейге көтеруге бағытталған TazaQala цифрлық платформасының таныстырылымы өтті. Жоба AI SANA бағдарламасы аясында жүзеге асырылып, жасанды интеллект технологияларын қоршаған ортаны қорғау ісіне енгізуді көздейді.

Іс-шараға Алматы қаласының Табиғат қорғау прокуратурасы, Экология департаменті, Экология және қоршаған орта басқармасы, табиғат қорғау полициясы, Eco Almaty ұйымының өкілдері, студенттер мен эколелсенділер қатысты. Кездесу барысында қатысушыларға TazaQala платформасының мүмкіндіктері таныстырылып, оны экологиялық жағдайды бақылау, құқық бұзушылықтарды тіркеу және қалалық қызметтермен өзара байланыс орнату құралы ретінде пайдалану жолдары көрсетілді.

Бағдарламаның басты ерекшелігі – AI SANA жобасына қатысқан студенттердің алғашқы экологиялық стартаптарының таныстырылуы болды. Жас зерттеушілер жасанды интеллекттің көмегімен экология, тұрақты даму және «ақылды қала» бағытындағы өз жобаларының прототиптерін ұсынды.

Іс-шара теориямен ғана шектелген жоқ. Қатысушылар арнайы жұмыс топтарына бөлініп, Алматының әр ауданында көшпелі экологиялық рейдке шықты. Табиғат қорғау прокуратурасы, экология саласының мамандары, полиция қызметкерлері, сондай-ақ ақпараттық технологиялар, Заң және география факультеттерінің студенттері экологиялық құқық бұзушылықтарды анықтап, цифрлық платформа арқылы нақты деректерді тіркеуді тәжірибе жүзінде сынақтан өткізді.

Жоба соңында белсенді қатысушыларға ынталандыру сыйлықтары табысталды. Олардың қатарында Алматы хайуанаттар бағына, Бас ботаникалық баққа, «Шымбұлақ» аспалы жолына және ұлттық парктерге жолдамалар болды.

Кездесу қорытындысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ факультеттері мен Алматы қаласының Табиғат қорғау прокуратурасы экологиялық қауіпсіздік пен тұрақты дамуға бағытталған жаңа бірлескен жобаларды әзірлеуге келісті.

TazaQala бастамасы жастардың экологиялық жауапкершілігін арттырумен қатар, цифрлық құзыреттерін, кәсіпкерлік ойлауын дамытуға және мемлекеттік органдар, жоғары оқу орындары мен қоғам арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған жаңа алаңға айналмақ.

Нұрлан СҮЙІН.

«KBS GAZ» ЖШС «Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме өткізудің шекті бағаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 6 маусымдағы №210 бұйрығына сәйкес, 2026 жылғы 1 шілдеден бастап тауарлық газ бағасының өзгеруі туралы хабарлайды.

Сату бағасы «Птицевод», «Болашақ», «Дружба», «Қарасу» шағынауданының тұтынушылары үшін:

- тұрмыстық тұтынушылар үшін – 1000 текше метрге **71 704,83 теңге**. ҚҚС қосылған;
- коммуналдық және тұрмыстық тұтынушылар мен заңды тұлғаларға – 1000 текше метрге **74 024,83 теңге**. ҚҚС қосылған;
- бюджет қаражаты есебінен ұсталынатын бюджеттік ұйымдар үшін – 1000 м³ **77 274,30 теңге** ҚҚС қосылған.

Газетіміздің келесі саны 10 шілде, жұма күні шығады.

Алматыда «Eco Almaty» ЖШС-нің ақпараттық қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Эко-Трак» жобасы жұмысын жалғастырып келеді. Жоба қала тұрғындары арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және қалдықты бөлек жинау тәжірибесін кеңінен насихаттауға бағытталған.

Қақпақ та кәдеге жарайды

Кезекті аула эоакциясы Mountain Drive тұрғын үй кешенінде өтті. Бұл кешеннің тұрғындары ECO Network және «Эко-Хаб» жобаларының негізін қалаушы Евгений Мухамеджанов ұйымдастырған экологиялық бастама аясында жеңімпаз атанған болатын.

Биыл 16 мамырда «Гүлдер» тұрғын үй кешенінде өткен алғашқы көшпелі іс-шарадан кейін алматылықтарға ауласының мекенжайын көрсетіп, өтінім қалдыру ұсынылған еді. Ең көп өтінім дәл Mountain Drive тұрғындарынан түскендіктен, «Эко-Трак» осы тұрғын үй кешеніне барды.

Акция барысында тұрғындарға мобильді экологиялық алаң қызмет көрсетті. Қатысушылар бөлек жиналған қалдықтарын қайта өңдеуге тапсырып, экологиялық тақырыптағы интерактивті іс-шараларға қатысты. Сондай-ақ, олар пластик қақпақтарды ұсақтауға арналған велощредерлерді пайдалану мүмкіндігіне ие болды.

Эоакцияға шамамен, 150 тұрғын қатысты. Соның нәтижесінде қайта өңдеуге 1200-ден астам пластик қақпақ жиналды. Сонымен қатар, қатысушылар 10 кг макулатура, 5 кг пластик, 3 кг полиэтилен және 1 кг шыны бөтелке тапсырды.

«Эко-Трак» – Алматыдағы қалдықтарды бөлек қабылдауды ағартушылық және интерактивті бағдарламамен ұштастыратын алғашқы көшпелі экологиялық зертхана. Мұндай формат тұрғындарды қалдықтармен жауапкершілікпен жұмыс істеу қағидаларымен таныстырып, әртүрлі жастағы азаматтарды экологиялық бастамаларға тартуға мүмкіндік береді.

Осындай жобаларды жүзеге асыру қалдықтарды бөлек жинау мәдениетін дамытуға, қала тұрғындарының экологиялық жауапкершілігін арттыруға және Алматыда қалдықтарды тұрақты басқару жүйесінің дамуына ықпал етеді.



«Almaty aqshamy» газетіне жазылыңыз!

2026 жылға басылымға жазылу науқаны жалғасып жатыр

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 Жеке жазылушылар үшін:	15503 Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:	95503 Зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін:
1 айға – 835,96 теңге.	1 айға – 1431,83 (қала), 1035,96 (ауыл) теңге.	1 айға – 615,96 теңге.
3 айға – 2507,88 теңге.	3 айға – 4295,49 (қала), 3107,88 (ауыл) теңге.	3 айға – 1847,88 теңге.
5 айға – 4179,80 теңге.	5 айға – 7159,15 (қала), 5179,80 (ауыл) теңге.	5 айға – 3079,80 теңге.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн-режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі.

Қызмет 24/7 қолжетімді.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55.

E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі
E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
күәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

«Almaty aqshamy» – елдегі ең ірі мегаполистің бас басылымы. Алматылықтарға етене, ел оқырмандарына ортақ газет – қазақ журналистикасының дәстүрлі мектебі мен заманауи ой алаңы.

«Ақшам» бетінде Алматы айшықтарымен қатар тұтас елді толғандыратын тақырыптарды таба аласыз. Тұрмыстық мәселелерден тартып, іскерлік ортаға дейінгі тақырыптарға талдамалық, сараптамалық жауаптарды аласыз.

Бізге жазылыңыз!

Алматыдағы өнер мен әдебиеттің, сән мен шоу-бизнесің соңғы трендтерінен қалыс қалмаңыз!

Басылымға «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді онлайн оқуға болады: aqshamnews.kz

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 248-49-55.

ЖӘДІГЕР



СҰЛТАН КИГЕН МҰРАҚ

Қазақтың бас киімдері көрмесі ашылды

ҚР Ұлттық орталық музейінде қазақ халқының материалдық және рухани мұрасын дәріптеуге арналған «Дәуірлер үні: қазақтың бас киімдері» атты көрме ашылды.



Көрменің ашылу салтанатында музейдің Антропология және этнология бөлімінің бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы Рүстембек Шойбеков қазақтың ұлттық бас киімдерінің шығу тарихы, семантикалық мәні, әлеуметтік қызметі мен этнографиялық ерекшеліктері жөнінде мазмұнды баяндама жасады.

Көрменің құрметті қонағы, қазақтың бай мәдениеті мен дәстүрін отандық және халықаралық деңгейде дәріптеп жүрген белгілі қолөнер шебері, ЮНЕСКО-ның сапа белгісі иегері Тілек Сұлтан ұлттық киім мен бас киім жасаудағы дәстүр сабақтастығы, қолөнердің бүгінгі дамуы және оның мәдени мұраны сақтаудағы маңызы туралы ой-пікірімен бөлісті.

Көрме экспозициясында көпшілік назарына қазақтың салтанатты, тұрмыстық және ғұрыптық бас киімдерінің бірегей музейлік үлгілері ұсынылды. Олардың қатарында XIX ғасырдың басына жататын, Баймұхамед Айшуақов сұлтанға тиесілі аса құнды мұрақ ерекше орын алды. Қызғылт күлгін және жасыл барқытпен тысталған, төрт сайдан құралған бұл конус пішінді, биік шошақ төбелі бас киім зертаспамен көмкеріліп, зер жіппен көгеріс өрнегі кестеленген. Мұрақ – қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәртебені білдіретін әрі салтанатты рәсімдерде киілген ерекше бас киімдердің бірі.

Батыс Қазақстан өңіріне тиесілі XIX–XX ғасырлар тоғысындағы сәукеле де көрермен назарына ілікті. Қызыл барқытпен тысталған бұл сәукеле ақық, маржан, оқа, үкі және құндыз терісімен әсем безендірілген. Жәдігер 1924 жылы сол кездегі Орал губерниясы Ілек уезі Қарашығанақ аймағынан музей қорына қабылданған. Сондай-ақ, көрмеге XX ғасырдың ортасына тән шошақ төбелі

далбай тымақ қойылған. Сұр шибарқытпен тысталған, қой терісімен көмкерілген бұл бас киім ұл балаға арналған қысқы тымақтың өңірлік ерекшелігін танытады. Жәдігер 1987 жылы Ұлттық орталық музейдің этнографиялық экспедициясы барысында Түркіменстанның Красноводск облысы, Қошоба ауылынан қор жинағына қабылданған.



Экспозицияда қыз-келіншектердің сәндік әрі тұрмыстық бұйымдарының бірі – шашқап та ерекше қызығушылық тудырды. Шашқап бұрымды күн көзінен, шаң-тозаңнан қорғауға арналған және шаштың ұзындығы мен жуандығына қарай арнайы тігілген. Сонымен қатар, дәстүрлі бас киімдердің басқа да түрлері – қасаба, бөрік, тақия, тымақ, қалпақ, күләпара, кимешек, дулыға және өзге де тарихи жәдігерлер қойылды.

Жалпы, көрмеде бас киімдердің 30-ға жуық түрі таныстырылып, олардың жасалу технологиясы, көркемдік ерекшелігі, қолданылу аясы мен әлеуметтік мәні жан-жақты түсіндірілді.

Нұржамал ӘЛІШ.

ЖҰМАНЫҢ ЖҮГІ

СЕЛГЕ СЕРГЕК ҚАРАЙЫҚ

Сел тасқыны саз балшықты, тасты балшықты және сулы тасты болып жіктеледі. Дойырқау мінезді: жолындағы борпылдақ шөгінділерді шайып, қатты тау жыныстарын бұзып, ағаштарды түбірімен қопарып, жасыл жекті жапырып, салмағы ондаған тонналық тастарға дейін ағызып әкетеді.

Қазақстанның таулы аумақтарында, әсіресе, Іле Алатауы, Жетісу Алатауы, Сауыр, Тарбағатай, Алтай тауларындағы өзендердің алаптары селге «сұранып тұр». Сарапшылардың сөзінше, Қазақстан жерінде жүрген селдер қуаты мен қирату дәрежесі бойынша екпінді, ТМД елдерінің арасында алда тұрады. Кейінгі күндері қалада сел қаупі күрт артып, жедел штаб құрылды және Төтенше жағдайлар қызметі күшейтілген режимде жұмыс істеуге кірісті.

Сел дегенде сергек боламыз десек, алдымен, тосын құбылыстың табиғатын танып алуға тиіспіз. Мәселен, сел шығу генезисіне байланысты нәсерлі, мұздықты келеді. Құрамында 30–70% тасты-сазды материал бар. Тығыз әрі бетон тақылеттес қатқыл (1,6–1,9 т/м³). Әдетте күрделі құрамы ғана емес, жүрдек қарқыны да қатерге бастайды. Оқыста дүрк ете көшкен шөгінді ширай тасқындай түсіп, құлдилаған сайын күшейе береді. Ақыры ғимараттарды бұзады, егістік алқабын басады, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығына орасан зор зиян тигізеді, жан шығынын тудырады.

Ең үлкен тасқындарының бірі 1921 жылы Алматыда болды. Салдарынан жүздеген үй бұзылып, ондаған адам қаза тапты. Ал 1977 жылы Үлкен Алматы өзенінің (Алматы қ.) арнасын алқымдаған сел ағынының биіктігі 20–30 метрге жеткен.

Селден қорғану да сабыр ісі. Бұл бағдарда арнайы гидротехникалық құрылыстар салуыңа тиіс. Бұл дегеніңіз – бекем бөгеттер, көлемді қазаншұңқырлар, сел ағынына арналған жасанды арналар. Мысалы, Алматыдағы 1973 жылы салынған селге қарсы бөгеттің арқасында апат ауыздықталып, таудан төменге ұмтылған күшті сел тасқыны сөніп кетті.

Селге қарсы тосқауылдар тастан, бетоннан, темірбетоннан, металдан және басқа материалдардан қоршап тұратын торлы қабырғалар түрінде орналасады. Ал тірек беті тау баурайына қарсы салынған бөгеттер сел ағынын ақырындатады. Шөгінді шұңқырлар болса жылдамдықты төмендетеді. Сондай-ақ, жер бедерін жоспарлау, дренаж орнату, жерүсті және жерасты суларын бұру, ағаш отырғызу да аса маңызды.

Сел қаупі бар аудандарда тұратын немесе тауға шықпақ болған оқырмандарымызға құлаққағыс:

- Таудағы жағдай туралы БАҚ хабарларын ұдайы қадағалаңыз;
- Тауда, төбеде, жотада жүргеніңізде нәсер жауа бастына, қауіпсіз жерге жетіңіз;
- Сел тасқынына 50–70 метрден артық жақындамаңыз;
- Опырылып кету қаупі бар тік жартастың түбіне, жар қабаққа, құлама беткейдің жанына тоқтамаңыз;
- Тасқын қаупін сезген бойда өзен арнасынан жырақ кетіп, тауды беткейлеп, мүмкін болғанша жоғары көтеріліңіз;
- Тасқын өткеннен кейін де сел жүрген өзен арнасына түспеңіз, себебі қайталануы мүмкін;
- Сірлеуге, шимай жолға түскен кезде, төмен қарай ылдилағанда ой-шұңқырдан, тайғанақ қия мен кезеңнен айналып өтіңіз, құлама жерден аса сақ болыңыз.

Кейде атар таң, батар күніміз жазға жетіп, шілдеге шыққанда күн шымырқанып, аптап ыстық алаулап, табиғат-ана тосын мінез танытады. Сондықтан сергек болайық, қадірменді оқырман!

Дастан ҚАСТАЙ.